

ҚАНАПИЯ МЕН ШӘРБАНУ

Төрт перделік драма

И с а т а й — момын кара шаруа адам, 55 жаста

Ұ м с ы н а й — оның қатыны, 47 жаста

Ш ә р б а н у — олардың қызы, 18 жаста

Ы н т ы қ б а й — олардың ұлы, 22 жаста

Қ а н а п и я — қыздың асық жары, 25 жаста

С а з а м б а й — жуан бай, 55 жаста

Қ а л и п а — оның бәйбішесі, 45 жаста

Қ о й ш ы б а й — бандың малайы, 30 жаста

О р а з — бандың қонсысы, 40 жаста

И т б а с — о да, 36 жаста

Ә ш і м — комиссар, 22 жаста

М и л и ц и я — 27 жаста

Б І Р І Н Ш І Б Ө Л І М

Алаң. Исатайдың кірпіш үйі. Төрте жүк: әбдіра, сандық, төсек, жабдық. Жерде құба төбел төсеніш, алаша, сырмақ, оң жақта көтерулі шымалдық. Кішірек бір-екі терезе, есік біреу.

Бірінші көрініс

Ұ М С Ы Н А П

Ұ м с ы н а й *(бір қолында жерге тіреулі ұршығы, бір қолымен оң көзін сипап отыр)*. Көзі түскір неге гартып отыр, қуанам ба, жылаймын ба?! *(Ұршығын созады.)* Көріңде өкіргір Мекалай көрмегенді көрсеттің ғой. Ногайлар солдатқа барады деп естуші едік. «Құлақ естігенді көз көреді» деген осы. Қазақтаң солдат алмайды деңтіні қайда? Қане алмағаны? *(Күрсінеді.)* Ей, жасаған не-ай! Жалғыздың жанын қалдыра гөр. Кісі-місі көрінер ме екен? *(Терезеге барып орнына қарай жүріп.)* Үлкен ауылдан бір кісі келе жатыр екен, әлдекім... Басындағы әнеу күн Шәрбанжан іздеген тымақ тәрізді екен. Жаным-ау, бұл Қанапия болар ма?! Біздің Ынтықбайға ұсаған бұ да бір жалғыз еді. Сорлы әлде қайтеді...

Екінші көрініс

Ұ М С Ы Н А П, Қ А Н А П И Я

Қ а н а п и я *(келіп отырады)*. Мал-жандарыңыз аман ба, ше-ше?!

Ұмсынай (ұршығын қойып). Шүкір қарағым, өз мал-жандарың есен ғой?!

Қанапия. Аманшылық.

Ұмсынай. Қайдан келесің, қарағым?

Қанапия. Орын-морын табыла ма деп заводка барып, содан келемін.

Ұмсынай. Немене, таптың ба, қарағым?

Қанапия. Жоқ, шеше, орын болмады.

Ұмсынай. Біздің жалғыз да сенделіп жүр.

Қанапия. Мал айдауға кіре алмады ма?

Ұмсынай. Нашар адамның қолы жеткен бе? Ынтықбай кіріскелі тұрғанда оның орнын болыс тартыл алылты. Бір жақынын кірістіріп қойыпты.

Қанапия. Әй, жауыздар-ай!

Ұмсынай. Біреудің өлгенін біреу неғылсын?

Қанапия. Өздері қайда кетті?

Ұмсынай. Бірдеме табыла ма деп әкесімен екеуі тағы кетті, дағдарғандық қой. Жұрт ақша беріп қалып жатыр дегенге сары атанды саттық, көк атты саттық. «Қалдырам» деп болыстар ақшасын алдап алып қойып, оны да бермей жүр. Қаншасы қалғанын да білмеймін.

Қанапия (құшырланып налып). Жұрт жанымен қайғыланып жылап жатқанда, әй, жалмауыздар-ай! Осындай күнде де қақсатқанын қоймады-ау! Өңкей жасты көгендей тізіп әкеткенде елді жетістірер!

Ұмсынай (қамығып). Жасаған-ай десейші, құдай тілеуін берер дейсің бе?!

Қанапия (күйініп). Осы қылықтарына бауыздап кетер ме еді иттерді.

Ұмсынай. Жаман сөзді не қыласың, қарағым!

Қанапия. Күйінгеннен айтам, шеше! Қісі қанына қарайып кетеді екен.

Ұмсынай. Құдайдың салғанын көре береді де кісі.

Қанапия. Түбінде кететін болсақ, жастығымызды ала кетерміз.

Ұмсынай. О не дегенің, қарағым! Құдайға шет болып, құдай сақтар, жеткізер...

Қанапия (аз ойланып). Әжемді ойлап, өзіме тоқтау саламын. Әйтпесе құдайдың не салғанын көрер едім.

Ұмсынай. Жалғызға біздің жанымыз шығатыны сол емес па? Қарағым, ешқайдан тамақ іштің бе, шай қояйын ба?!

Қанапия. Тамақ ойға да келмейді.

Ұмсынай. Оның рас, қарағым! Жүрегіңе ас батпайды екен.

Қанапия (жан-жаққа қарап). Шеше, Шәрбану қайда кеткен?

Ұмсынай. Кабуга шақырып кетіп еді, келетін де уағы болды.

Үшінші көрініс

Бұрынғылар. ШӘРБАҢУ

Шәрбану кіріп келіп, Канапияны көріп именген, қуанған сипатты, қызарып, шешесінің қасына келіп, бір қолымен жер таянып отыра кетеді.

Қанапия (қозғалып, ажарланып). Көңілі-қарың тиыш па?!
Шәрбану (бір қолымен иегін ұстап). Шүкір.

Ұмсынай. «Кімді айтса, сол келеді» деген рас-ау, сені ауызға алғанымыз сол еді.

Шәрбану (Канапияға көзін төңкеріп қылымси қарап). Апа, менің не керегім бар?

Ұмсынай. «Қайда кетті» деп Қанаш сұрағанға айтам. Қарағым, Қанашқа самауыр қайнат. Ана шелекте су тұр.

Шәрбану (ынтасы Канапияға ауып, апасының сөзін естімейді). Апа, маған не істе дедің?

Ұмсынай (ұршығын иіріп отырып). Қанашқа самауыр қайнат деймін.

Шәрбану (аздан соң). Ағаш бар ма еді, апа?

Ұмсынай. Ескі қораптың малы жатқан, түйенің құмалағын қосып қайнатарсың!

Шәрбану (көңілі бөлініп отырып). Апа, әлгі не қайда? Немесе еді? Есімнен шығып кеткенін қарашы. Е, сірінке, сірінке.

Ұмсынай. Сірінке жүктің арасында шығар. (Шәрбану шелекті алып шығады.)

Төртінші көрініс

Бұрынғылар және ШӘРБАҢУ

Шәрбану. Апа, шымшуыр көрдің бе?

Ұмсынай. От басында жатыр ғой.

Шәрбану (Канапияға есімді аударып әкеттің ғой, деген кісіше қарап талсанып). Тегінде, менің көзіме бірдеке болған шығар. (Шығады.)

Бесінші көрініс

КАНАПИЯ. ҰМСЫНАЯ

Ұмсынай. Мен құсап мұның да есі шығып жүр. Заманы әлде қалай болады сорлының.

Алтыншы көрініс

Бұрынғылар және ШӘРБАҢУ

Шәрбану *(келіп)*. Апа, жантақ мүйізің жанасып жатыр екен. Бұзауын байлап қойдым.

Ұмсынай *(ұршығын ірге жаққа қойып түрсегеліп)*. Сауып жіберейін, желіні айрылып бара жатқандай, азынап кетпес.

Шәрбану. Ауылдың сиыры да өріп бара жатыр.

Ұмсынай. Өріске барар, карағым. Шайынды дұрыстап қайната бер. *(Бір күрсініп тысқа шығады.)*

Жетінші көрініс

КАНАПИЯ, ШӘРБАҢУ

Қанапия *(Шәрбануға қарап жымып)*. Шымшуырың табылды ма?!

Шәрбану *(мырс етіп)*. Табылды ғой. *(Аздап кейіп.)* Немене, өзіңіз орын таптыңыз ба?

Қанапия. Тапқам жоқ. Соғысқа кеткеннің өзін дұрыс көріп жүрмін.

Шәрбану. Сонша біреуден көңліңіз қалды ма?

Қанапия. Көңлім қалды.

Шәрбану. Айтуға бола ма? Кімге өкпеледіңіз?

Қанапия. Саған өкпеледім.

Шәрбану *(таңданып)*. Маған ба? Мен қалайша өкпелеттім?

Қанапия. Жақсы көргенің шын болса, манадан бері мойнымнан құшақтар едің...

Шәрбану. Жазған басым-ау, апам отырғанда ма?

Қанапия *(тұрып Шәрбанудың қасына келіп)*. Ойнап айтам жаным, сені сағынып қалғанымды білесің бе?!

Шәрбану. Басқа да сағынатын кісі бар шығар?

Қанапия *(қолынан ұстап)*. О кім?

Шәрбану. Алыста емес шығар.

Қанапия. Әлде сен де сағындың ба? *(Бір қолымен құшақтап.)* Ой, жаным. *(Бетінен сүйеді.)*

Шәрбану. Соғысқа шынымен барасыз ба?

Қанапия. Бармаймын дегенмен бола ма? Жұрттың бәрінен менің жаным ардақты ма?

Шәрбану *(аузын қолптитып, еркелей ренжіп)*. Жұртпен басыңыз бір ме?

Қанапия. Енді маған қайт дейсің, жаным?

Шәрбану. Өйтіп-бүйтіп қалып жатқандар бар ғой?

Қанапия. Қалқам-ау, өзгелердей Ынтықбан екеуміздің қолымыз ұзын ба?

Шәрбану. Екеуіңіз бірдей кетсеңіз, мұндағы жұрт жетіседі ғой.

Қанапия (жұбатып). Уайымдама, жаным! Ден сау болса, бір күндегідей де болмас.

Шәрбану. Уайымдамас едің-ау, сіздер қайтқанша бәрі қазқалпында тұратын болса.

Қанапия (таңданып). Әлде сенің бөтен ойың бар ма?

Шәрбану. Менде бөтен ой болады дейсіз бе? (Күрсініп.) Әкейдің не ойлайтынын қайдан білейін?

Қанапия. Аған біреуге берем десе, үн жоқ, түн жоқ жүре бересің бе?

Шәрбану (батылы бармай). Ондай күн болса, қайдан білейін. Ағамды ренжітуге қиын. Тым болмаса сізбен атастырып та қойған жоқ.

Қанапия (назаланып). Құданың күдіреті сәті түспей-ақ қойды. Сөйлесеміз деп бір оқтанып жүргенде, әкем ондай болып кетті. Әжем келем деп жүргенде, тағы мұндай күйге ұшырадық.

Шәрбану. Кісінің беті ашылса бір сәрі ғой.

Қанапия (төмен қарал мұңайып тұрып, басын көтеріп алады). Шәрбантай, егер мен жоқта сені біреуге ұзатып жіберсе, қайтер едің? Мені ұмыттар ма едің?

Шәрбану. Шыбын жаным кеудеде тұрғанда сізді ұмыта алмаспын.

Қанапия. Олай болса, келешек күнге серт етісейік. Тірі болсам бір табар едім. Сонда менің соңымнан еруге жарайсың ба?

Шәрбану. Құдай біледі-ау, құдайға сала айтайыншы, қашан да болса, сіздің айтқан жеріңізден табылтармын.

Қанапия. Ендеше, ауыздан ант етісейік.

Шәрбану. Жарайды.

Қанапия. Қолыңды бер! (Қол ұстасады.) Дүниеде менің қымбат нәрсем, жалғыз әжем. Мен әжемнің ақ сүтімен ант етемін, сені іздеп таппасам, қызығымды қара жер көрсін.

Шәрбану. Менің қимайтын кісім, жалғыз бауырым, Сізді алдасам, жалғыз бауырымның өлігін көрмейін.

Қанапия (бауырына тартып құшақтап). Шыбыным, жаным. (Аузынан сүйеді.)

Шәрбану (даусы қалтырап, елжіреп көзіне жас алып.) Қуатым, сәулем! (Мойнынан құшақтап сүйеді. Аз тұрған соң «Самуырды қарайын» деп тысқа шығады.)

Сегізінші көрініс

ҚАНАПИЯ, ҰМСЫНАЙ

Ұмсынай (омыраушасын шешіп жатып). Бауырсақ та аз еді, шешеннің құрт-майымен ішесің ғой.

Қаналия. Болады ғой, шеше.

Ұмсынай (дауыстап). Шәрбанжан.

Шәрбану (есік жақтан дауыс шығады). Әу!

Ұмсынай. Шайың болса жаса қарағым, манадан бері бере қоятын ақ болмады. Кеше бұзау жамырап кетіп, бүгін айран да болмай қалды.

Қанапия. Не қылсын, уақа етпес. (Ұмсынай отырып ұршығын бастайды.)

Тоғызыншы көрініс

Бұрынғылар және ШӘРБАҢУ

Шәрбану (асығып кіріп ектігіп сөйлейді). Апа-ау, үлкен ауыл жақтан бар ғой, бір кісі құйғытып тұрып шауып келе жатыр.

Қанапия (ұшып түрегеліп). Ол неғылған адам? (Терезеден қарайды.)

Ұмсынай. Жасаған-ай, жақсы хабар әкеле жатқан біреу болғай-ақты. (Түрегеледі.)

Даладан. Уа, сүйінші, сүйінші! (Деген айғай естіледі.)

Қанапия. Құдай берерсің!

Шәрбану. Ой, алақай-ай!

Ұмсынай. О, жасаған-ай! (Деп жамыраса сөйлейді.)

Қанапия мен Шәрбану тұра жүгіріп таласа-тармаса шығады, олардың артынан Ұмсынай шығады.

Онныншы көрініс

Иесіз үй

Терезеден, есіктен айғай-үйғай, жамыраған дауыс естіліп тұрады

Еркектердің дауысы:

— Уа, немене, жаным немене?

— Сүйінші, құдай жарылқады.

— Уа, немене, не болды?

— Батыстан телеграмма келді. Қазақты босатыпты

Жарыса: — Қашан келді?

— Кімнен келді?

— Бүгін келді. Қаладан кісі келді.

Жарыса: — Анық хабар ма?

- Мүлде қалдырып па?
 — Қазақты алмайтын болыпты, мүлде қалдырыпты
 Ж а р ы с а:
 — Құдай жарылқады десейші!
 — Ақ түйенің қарны жарылды десейші.
 Ө й е л д е р д і н д а у ы с ы:
 — Айналып кетейін-ай!
 — Аузыңнан айналайын-ай!
 — Ой, аузыңда май.
 Ж а р ы с а:
 — Тауба, жасаған.
 — Көптің көз жасы ғой.
 — О не дегенің, көптің тілегі көл емес пе?
 — Көздің жасы қабыл болмасын ба?
 — Көздің жасы қабыл болмасын ба?
 Е р к е к т е р: Ал, беріндер, сүйінші беріндер!

Он бірінші көрініс

Ұ М С Ы Н А П, Ш Ә Р Б А Н У

Ш ә р б а н у (*ентелеп жүгіріп кіреді*). Не береміз, апа! не береміз.

Ұ м с ы н а й (*қалбалақтап, сасып*). Күмістерің қайда? Менің жаулықтығымды әпер. Айналайын жасаған. (*Екеуі әбдіраны ашып, жаулықтық ақ нәрсені алады. Шәрбану сылдыратып күмістерін алады.*) Алла-ай, жасаған-ай! (*Жөкеледі.*)

Ш ә р б а н у. Ағатайым-ай, Қанатым-ай! (*Жүгіре шығады.*)

Он екінші көрініс

Ү й д е а д а м қ а л м а й д ы

Д а л а д а н.

- Беріндер, беріндер.
 — Төгіңдер дүниені.
 — Жүріңдер, біздің үй жаққа.
 — Осындайда бермегенде, қайда бересіңдер. (*Деген диуыстар естіліп, алыстап, ақырындап басылады.*)

Он үшінші көрініс

К А Н А П И Я, Ш Ә Р Б А Н У, Ұ М С Ы Н А П

Ұ м с ы н а й. Шәрбан! Қанаш! Жасаған-ау, өңім бе, түсім бе? Ұзағынан сүйіндіре гөр.

К а н а п и я (*келе жерден белбеуін алып, буына бастайды*). Иә, құдай, иә, құдай, шын болғай-ақты.

Шәрбану (*Қанапияға қарап*). Қайда барасыз?
Ұмсынай. Қарағым-ау, қайда барасың? Шай қайнап тұр
ғой.

Қанапия. Ауылға барып әжемді қуантайып.

Ұмсынай

Шәрбану. Даяр тұр ғой, бір-екі шыны-аяқ ішсен болмай ма?

Қанапия. Жок, шеше. Алла разы болсын, жүрегім көтері-
ліп кетті. Отыра алатын емеспін.

Ұмсынай. Қарағым-ау, қайнап тұр ғой.

Шәрбану. Әзір болады ғой.

Қанапия. Ештеңе етпес, ауыл жақын ғой. Қош бола тұры-
ңыз, шеше!

Ұмсынай. Қош, қарағым. Әжеңе сәлем де, Шәрбану аттан-
дыр, қарағым! (*Қанапия, Шәрбану кетеді.*)

Ұмсынай. Әжесін қуантқалы асығып отыра алмады ғой. Ес-
тігенде о байғұстың не жаны қалады дейсін? Осыдан басқа не ті-
легі бар-ау. (*Ұршығын алды*). Ынтықбайлардан біреу барып
сүйінші де сұрамайды-ау! (*Терезеге барып.*) Шәрбанжан!

Шәрбану (*даладан*). Немене, апа?

Ұмсынай. Ағандар көрінбей ме?

Шәрбану (*даладан*). Жок, апа, көрінбейді.

Ұмсынай (*терезеден аулағырақ кетіп*). Қарағым, Қанаш-
тың артынан қарап тұр. Ай-хай, жастық дәурен-ай. Жас күнінде
кісі қызыққа тоя ма? Қарақтарым-ау, біріне-бірі жанын үзеді.
Менен жасырған болады. Оны мен көрмей жүрмін бе?! (*Мырс
етіп күледі.*) Ей, балалық-ай, десейші. Құдай тек қызықтарыңды
көрсетуге жазсын.

Он бесінші көрініс

ҰМСЫНАЙ, ШӘРБАҢУ

Шәрбану (*қуанып*). Апа-ау, артыңа жалт-жалт қарап шау-
ып барады. Әжесі қандай қуанар екен?

Ұмсынай. О байғұстың осыдан басқа несі бар?

Шәрбану (*басын былғақтатып*). Апа-ау, сүйіншіге дәл бір
уыс ақша берді.

Ұмсынай. Қанаш па? Ой, қарағым-ай, әкесі марқұм қан-
дай мырза еді? Аумаған, аңкылдаған әкесі. Шешесі қандай мо-
мын адам. Өсекпен, аяңмен биттей жұмысы бола ма? Жо, жо, жо.

Шәрбану. Апа-ау, бұрын солар бай болған ба?

Ұмсынай. Е, аukatты болып еді. Құдайға шүкір, әлі де ора-

за ашары жаман емес. Қанаш тірі болса кедейлік бар ма? (Күрсінеді). Әкесі марқұм Ынтықбайдың ағасына: «Пәленше еке, құдай қосқан құда болайық, екеуміз де құдай деген адамбыз ғой», — деп жүруші еді. Жарықтық ол арманына жете алмай, дүние салып кетті. Шешесі де, «әне барам, міне барам» деп сәлем айтып жүр еді. Тағы мынадай декірет келгенін қарзайшы.

Он алтыншы көрініс

Бұрынғылар, ИСАТАЙ, ЫНТЫҚБАЙ

Шәрбану. Сүйінші, аға, естідіңдер ме?

Ұмсынай. О, жаным, естідіңдер ме?

Исатай.

Ынтықбай. Немене?

Шәрбану. Батыстан телеграмм келіпті. Қазақты босатыпты.

Ынтықбай. Қашан келіпті?

Шәрбану. Түнде келіпті. (Исатай «өтірік» дегендей қолын бір сілтеп, белін шешіп жантая кетеді.)

Ынтықбай. Өтірік хабар. Болыс аулынан Ыбырай жаңа келді. Оны шығарып жүрген бір мал тапқыш қу.

Шәрбану. Не дейді? Қойшы ағатай!

Ұмсынай. Шіркін, шын деп қарғанып еді ғой

Ынтықбай. Әлеметтің үлкені енді болар. (Жантая кетеді.)

Ұмсынай. О, немене, айтсаңшы, қарағым.

Ынтықбай. Болыс іспесікті тапсырып келіпті. Жігіттер болысты өлтіреміз деп жиылып жатыр. Біз де үйде отыра алмайтын шығармыз.

Ұмсынай. Алла-ай, тағы бір пәле болды десейші.

Исатай. Орыстан бұрын казак өзді-өзі қырылып қалмаса не қылсын.

Ұмсынай. Жасаған-ай! Енді мұндай сұмдықты естірттік бе?

Исатай. Аман болсаң, онан да зорын естірісің?!

Ұмсынай. Тағы немене? Бірдеме естіп келдің бе?

Исатай. Естімек түгілі істеп келдім.

Ұмсынай. Не дейді? Ынтықбайды бірдене қылып келген шығарсын, айтшы өзің?

Исатай. Кенелетін болсаң естірсін.

Ұмсынай. Жүрегі құрғырды күйдірмей айтшы енді.

Ынтықбай (түрегіліп тысқа жөнеліп). Шәрбану бері келші! (Шәрбану екеуі кетеді.)

ИСАТАП, ҰМСЫНАП

Ұмсынай. Ал.

Исатай (*қисайып жатып*). Ынтықбайдың орнына кісі жалдап жіберетін болдык.

Ұмсынай. О, жақсы болыпты ғой.

Исатай. Қатқанның басы жақсы болды.

Ұмсынай. Е, неғыпты.

Исатай (*аздан соң*). Екі балаңның қапсысын артық көруші ең?

Ұмсынай. Не деп отыр, жасаған! Екі қарғамның бірін артық, бірін кем деп қайтып аузым барып айтайын?

Исатай. Сен олай десең, мен Ынтықбай үшін Шәрбануды беріп келіп отырмын.

Ұмсынай. Не дейді, сығыр шұнақ?

Исатай. Үш мыңнан кемге кісі жалдауға шығатын болмады. Шәрбануды берсең, 3 мың сомға кісі жалдап беретін адам табылып отыр.

Ұмсынай. О, кім?

Исатай. Сазамбай.

Ұмсынай (*кекете, тақдана*). Сазамбай?

Исатай (*«Ал» кенелетін болсаң, деген кісіше*). Сол!

Ұмсынай. Ойбай-ау, не дейді, ойбай. Сазамбай сенімен құрдас емес пе? Жалғыз қызды қатынының текпісінде шіріткенше, құдайдың алғаны жақсы емес пе?

Исатай. Оны мен білмей отырмын ба? Оңай көрсең, ұлықды өлімге жібер!

Ұмсынай. Қайдағы жоқ сұмдықты айтпашы, тәйірі.

Исатай. Соғысқа барған өлімге барған емей, атаңның басы ма?!

Ұмсынай. Қой арман. (*Қолын сілтеп.*) Қой, қой, қой!

Исатай. Сазамбайдың беретін үш мың, бар қара орманыңды сатсаң да жоқ.

Ұмсынай. Қара орманыңды сатпақ түгілі, мойныма қап салып кетсем де жалғыз қызымды бермеймін.

Исатай (*басын көтеріп алып, ұрсыққырап сөйлейді*). Ой, ақылы шалақ сорлы. Мен Шәрбанудан құтыла алмай, болмаса малға қызығып сатып келді деп отырмысың? Жұмыстың артып ойласайшы. Қыз бала бізге жолдас емес, бүгін болмаса, ертең біреуге кетеді. Солдатқа беріп ұлдан айрылып, күйеуге беріп қыздан айрылып қу басың сарайып қалғанда ойбайдың әкесін сонда көресің. Құрымыңа не болатын кім екенін білесің бе? Артымыз-

да қалса, бата қылатын кім екен, есінде бар ма? Ертең менің көзім жұмылған күні, кімге сүйеніп, кімге сүйкенбексің? Шәрбану жыламайды деп отырғаным жоқ, жылайды. Қорлық та, бейнет те көрер. Сөйткенмен өлімге айдағаннан гөрі жеңіл ғой. Тірі қалды ғой. Ынтықбайдан айрылсақ, өлі бола ма, тірі бола ма, кімнің көзі жетеді?

Ұмсынай (төмен қарап отырып). Құртқан екенсің ғой. Суалған екем ғой! (Кеңкілдеп жылап жібереді.)

Он сегізінші көрініс

Бұрынғылар және ЫНТЫҚБАП

Ынтықбай (келіп дауысы қалтырап). Әке, Шәрбануды жылатпай-ақ, күдайға сыйынып өзім-ақ барайын.

Исатай. Шырағым-ау. Шәрбанжанның жылайтынын білмеппе едік? Сендердің біріңді ала, біріңді құла көреді дейсің бе? Қайтейін. (Дауысы қалтырап төмен қарап жылап жібереді.)

(Ынтықбай о да көзін сүртіп жылайды.)

Бұрынғылар және ШӘРБАҢУ

Шәрбану (есіктен кіре). Апатай-ай, енді қайттік? (Аласын бас салып көріседі.)

Ынтықбай (көрісіп жатқан Шәрбануды қолынан тартып арқаға қағып, аяған, қалтыраған дауыспен). Бауырым, жыламашы, қалқатайым. Сені жылатпаймың. Сенің жолыңда өзім-ақ құрбан болайын.

Шымылдық

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Алаң. Бірінші бөлімдегі бірінші көрініс

ҰМСЫНАЙ, ШӘРБАҢУ

Ұмсынай (жіп иіріп отыр. Ауыр күрсініп). Жасаған-ай, аманыңда алып қайтса жарар еді...

Шәрбану (шапан жамап отыр). Кешікті ғой. Бір сойқан болмаса не қылсын.

Ұмсынай. Орысты жеңем дей ме скен түге?

Ш ә р б а н у. Апа-ау, орыс емес, болысқа өшігіп, жиналып жүрген жоқ па?

Ұ м с ы н а й. Болысы несі? Бәрінің ымы-жымы бір ғой. Бір болмаса елге қазақ-орыс әкеліп, қырғын қылар ма еді?

Ш ә р б а н у. Апа-ау, жігіттер, тауға бекінді ғой, орыстар тауға шыға ала ма?

Ұ м с ы н а й. Орыс жүрмейтін жері бар дейсің бе? «Патшаның құрығы ұзын» деп неге айтты дейсің.

Ш ә р б а н у. Орнына кісі жалдап қойып, ағатайымды айтсайшы, жасақта не жұмысы бар екен?

Ұ м с ы н а й. Байғұс бала Қанашқа елігіп келе алмай жүр ғой.

Ш ә р б а н у. Жігіттерге басшы боп жүрген сол дейді.

Ұ м с ы н а й. Бұл не қылған жүрек жұтқан десейші.

Ш ә р б а н у. Апа-ау, 500 қазаққа елу орыстың әлі келе ме?

Ұ м с ы н а й. Кім біледі, орыстың мылтығы алыстан тиеді дейтін. Соғылмен салғанша, атып қалса кім біледі. Құдай-ай, біздің жалғыз жазым болып кетер ме екен? Байғұстар соғыспай-ақ көне қойса қайтеді екен.

Ш ә р б а н у. Жігіттердің әбден желіккені ғой, болыстың жылқысын айдап әкетіпті.

Ұ м с ы н а й. Қай жақсы ырым дейсің. Сорлыларды әлденеге бастап жүр.

Ш ә р б а н у. Жігіттердің ішінде ағатайымның орнына баратын Бағдығұл да бар дейді. Оныкі не екен?

Ұ м с ы н а й. Желіккен соң қайтесің. *(Күрсініп қояды.)* Өзгеден бұрын Сазамбай төбеттің ызасын айтсайшы.

Ш ә р б а н у. О, неме, апа!

Ұ м с ы н а й. Неткен ұятсыз адам десейші.

Ш ә р б а н у. О, не ғыпты, апа!

Ұ м с ы н а й. Жаны ашымай, шіркін! Ақшасын кеше бере сала, бүгін жесірімді берсін дегенін қайтерсің! *(Шәрбану ауыр күрсінеді.)* Жұрттың жанымен қайғы боп жатқаны мынау, оған қызық керек.

Ш ә р б а н у *(жыламсырап)*. Мен адам болмаймын ғой.

Ұ м с ы н а й *(қамығып)*. Қайтейін менің қолымда не бар?

Екінші көрініс

Бұрынғылар және ЫНТЫКБАЙ

Ынтықбай өя жоқ, сұр жоқ үрейленген, кіріп келеді.

Ш ә р б а н у *(жалт қарап, атып түре келіп қуанып)*. Ағатайым-ай! *(Мойнынан құшақтай алады.)*

Ұмсынай. Қарағым-ай, зәре-құтымыз қалмады ғой. (Деп қамығып бетінен сүйеді.)

Шәрбану. Ағатайым-ау, аман келдің бе?

Ұмсынай. Шыбыным-ай, жаның қалды ма?

Ынтықбай (белін шешініп отырады). Жанымыз қалды. Қалғанмен жұмыс жаманға айналады.

Шәрбану

Ұмсынай. (жарыса сөйлейді).

Не болды, не болды?

Ынтықбай. Үлкен соғыс болды.

Шәрбану (үрейленіп, ішін тартып). Алла-ай!

Ұмсынай (үрейленіп). Жасаған-ай!

Ынтықбай. Кісі өлімі болды.

Шәрбану. Құдай-ай, сақтай гөр.

Ұмсынай. Не дейді жасаған!

Ынтықбай. Біздің жеті кісі оққа ұшты.

Шәрбану.

Ұмсынай. Қанаш аман ба?

Ынтықбай. Қанаш аман.

Ұмсынай. Ей, жасаған-ай, өз жақындарымыз аман ба, әйтеуір.

Ынтықбай. Аман.

Шәрбану. Өлген кім, кім?

Ынтықбай. Жаушыдан үш жігіт өлді, Серғазының баласы өлді. Байдың баласы өлді. Тағы бір қымбат кісіміз өлді.

Шәрбану.

Ұмсынай. О, кім?

Ынтықбай. Бәдігүл!

Шәрбану.

Ұмсынай. Бәдігүл.

Ынтықбай. Атыс жаман болды. Таудың басына шығып алып, қазақ-орыстар мылтықты сатырлатып еді! Жаңбырдай жауды, көзің жамандық көрмесің.

Шәрбану (үрейленіп). Құдай-ай!

Ұмсынай. Сақтай гөр.

Шәрбану. Енді қайтетін болды?

Ынтықбай. Қайтушы еді? Қазақтың басы қосылған ба? Біреуі іреп, біреуі сойып, ақырында баратын болды.

Ұмсынай. Өзің қайттің?

Ынтықбай. Ағам біліп келмесе, менің халім белгісіз.

Шәрбану. Ағама жолықтың ба?

Ынтықбай. Жолықтым.

Ұмсынай. О қайда қалды?

Ынтықбай. Сазамбай ауылында қалды.

Ұмсынай. Сазамбай енді қайтпек?

Ынтықбай. Қайдан білейін қайтетінін. Сазамбайдың ақшасын Бәдігүл жоғалтып алыпты.

Ұмсынай (қынжылып). Бәрінен мұнысы қиын болды ғой. (Шәрбану ойланып, маңдайын тіреп отырады.) Жасаған-ай, енді қайттік. Бұ да біздің сорымыз-дағы. Топты кісінің ішінен оқтың оған тигенін қарасайшы!..

Шәрбану. Ағатай, жігіттерді қашан жүргізеді?

Ынтықбай. Қайдан білейін, нашандік бүгіннен қалсандар, солдатпен айдатам деп кетті.

Ұмсынай. Тағы не дейді, жасаған?

Үшінші көрініс

Бұрынғылар және ИСАТАЙ

Исатай сұры қашқан, үн-түн жоқ, солбырайып келіп отырады.

Ұмсынай (отырып жайланған соң). Неғып келдің, жарықтығым!

Исатай (аз кідіріп). Қырсық шалған іс қайтейін.

Ұмсынай (аздан кейін). Күйеуің не айтады?

Исатай. Не айтушы еді? Күшті кісінің сөзі белгілі емес пе?

Ұмсынай. Ынтықбай енді қайтеді?

Исатай (күрсініп, қамығып). Қайтсін? Құдайдың салғанын көреді де!

Ұмсынай. Сорым қайнаған екен ғой. (Деп еңкілдеп жылап жіберді).

Шәрбану (қасына отырған Ынтықбайды құшақтап). Бауырым, қайтып айрыламын... (Деп жылайды). (Исатай тымағын көзіне киген, көзін сүртіп, мұрнын сіңбіре береді).

Ынтықбай (көзін сүртіп жылап отырады. Аздан кейін сөйлейді. Даусы қалтыраңқы). Қалқам, жыламашы! (Шәрбанудың қолын алады.) Жылаған жаман болад — дейді. Мені аман-есен келсін десеңдер, апам екеуің жыламаңдар! Жылағанмен түк өнбейді, ден сау болса, бір күнгідей де болмас. Алты айдан кейін қайтарады деген сөз бар. (Шәрбану орнына отырады.) Тірі кісіге алты ай алты күнмен бірдей емес пе?! (Дауысы дұрыстала береді). Сөйтіндер! Жылағанды қойыңдар. Жалғыз біз емес, көпке келген себеле ғой. (Аз тым-тырыс.) Аға, жүргізу қашан екен?

Исатай (күңгірлеп). Бүгіннен қалмай, жүргізесіңдер деп кетті ғой. Жылағанды қойып, жүргізудің қамын қылыңдар. Күн де кешкіріп қалды. Енді тағы солдат келіп, бәлеге ұрынғанша, аманда жүрген жақсы... Құдайға тапсырамыз да... (Аз тым-тырыс.)

Ынтықбай. Шәрбану! Қалкам, менің кірлерімді даярла. Шапаным жамалып па еді?

Шәрбану. Біте қойған жоқ еді.

Ынтықбай. Бітпегенмен алам ғой.

Исатай (Ұмсынайға қарап). Азыққа не бересің? Жұрт құрт-май беріп жатқан көрінеді.

Ынтықбай. Көп азықты алып жүре алмаспыз. Ақшаның қалғанын аламыз да.

Исатай. Ақшаны да ал, азықты да ал. Тамақтың ауырлығы болмас. Қатын, енді сен отырғанды қой. Ас үйге барып азығын жайла!

Ұмсынай (сөзінің ара-арасында бөгеліп, көзінің жасын сығып алады). Жайлармыз. Бір қарын май бар еді, түгел алады да... Орта қап құрт сол қалпымен берерміз.

Ынтықбай. Өздеріне де керек емес пе? Қоржынның бір басына құрт сал, майыңның жарымын сал, со да болар.

Исатай. Өзің біл, қарағым! Ауырсынбасаң, бәрін алып кет. Мұндағы кісі аштан өлмеспіз.

Ынтықбай. Жок, алып жүруі бейнет болар.

Исатай. Қатын, тұр! Екеуміз ас үйге барайық (түрегеледі.) Майыңды көрсетші.

Ұмсынай. «Уһ» (Деп ауыр күрсініп, орнынан әрең тұрып Ынтықбайға бір-екі қарап шығып кетеді).

Төртінші көрініс

ЫНТЫҚБАЙ, ШӘРБАҢУ

Ынтықбай (аздан соң). Тұр, қалкам! Менің ол-пұлымды даярла.

Шәрбану (салмақпен тұрып, әбдірені ашып, кірлерін алып қоржынға салады). Бөкебайыңды салайың ба?

Ынтықбай (қисайып жатып). Салсаң сал!

Шәрбану. Жалбағайыңды аласың ба?

Ынтықбай. Тымағым бар ғой. Жалбағай мұнда-ақ қалсын.

Шәрбану (әбдіреден бір ақ нәрсені алып). Кестелі орамыңды салайың, бетінді сүртіп жүрерсің!

Ынтықбай. Өзіңе керек болмай ма, қарағым?

Шәрбану. Керек болғанда, сенен артық па? Маңдайыңның терін сүрткенде, мені есіңе алып жүр.

Ынтықбай. Берсең бер.

Шәрбану. Көрпе-жастық аласың ғой?

Ынтықбай. Алам ғой.

Шәрбану. Өз көрпеңнің астары жыртылып жүр еді. *(Ісік қолымен ернін тіреп аз ойланып.)* Сәтен көрпемді берейін.

Ынтықбай. Өзің қайтесің?

Шәрбану. Мен киім жамылсам да болар. Жыртық көрпені қалай аласың?

Ынтықбай. Аяулы нәрсе еді. Былғанып қалады ғой.

Шәрбану. Аяулы болмай-ақ қойсын! *(Жыламсырап.)* Сендерден аяулы ма? *(Көзінің жасын сығып алады.)*

Бесінші көрініс

Бұрынғылар және ИСАТАЙ

Исатай. Махамбет келіп кетті. «Кіші ауылдың жігіттері жүріп жатыр», — деді.

Ынтықбай. Жүрсе арба-сайманымды даярлау керек еді ғой. *(Түрегеледі.)*

Исатай. Арбаны мен даярлайын, үйдегі оны-мұныңды өзің түгелдеп алшы.

Ынтықбай. Қанапиялар қайда екен?

Исатай. Олар да жүрсе керек. Мұнда соғатың шығар.

Ынтықбай. Арбанызды даярлай беріңіз.

Исатай *(бірдеңе айтайын деп ұмытып қалған кісіше, Ынтықбайға қарап тұрып.)* Иә, сол. *(Деп шығып кетеді.)*

Алтыншы көрініс

ЫНТЫҚБАЙ, ШӘРБАҢУ

Ынтықбай *(түрегеліп.)* Қанапиялардан қалуға болмайды, олармен от боламыз ғой.

Шәрбану. Ағатай-ау, қайда болса да екеуің бірге болыңдар. Сенен гөрі ол жол көрген ғой.

Ынтықбай. Менің жалғыз сенетін кісім сол емес пе?! Саған айтып кетейін, Қанаш екеуміз айрылмайтын дос болғанбыз.

Шәрбану. Қайырлы болсын, ағатай хат салып тұрасыңдар ғой?

Ынтықбай. Аман болсақ, салып тұрамыз ғой. *(Кейіп, қын-жылып.)* Құдайдың құдіреті-ай, жоқ жерде мына Сазамбай деген жауыздың қармағына ілініп қалдық. *(Шәрбану күрсініп, мұрнын*

сіңбіріп қояды.) Ол иттің ақшасы да босқа кетті. Қайдан білейін, ағатаймның қалай құтылатынын...

Шәрбану (мұңайып). Ағатай, берген ақшасы қанша қараның сомасы болады.

Ынтықбай. Он бес, жиырма қараның сомасы болар.

Шәрбану. Біздің үйдің бар малы жетпейді екен ғой...

Ынтықбай. Оның жөнін ағаммен, Қанапиямен ақылдасып көрерміз. Малға бітетін болса, Қанаш та мал аяп қалмас.

Шәрбану (ақырын ғана). Ол үйдің қанша малы бар?

Ынтықбай. Жиырмаға тарта қарасы бар шығар.

Шәрбану. Жиырмаға тарта. Ынтықбай, екі үйдің малын қосса, жетеді екен!

Ынтықбай. Қанаш екеуіміз елде болсақ, бәрінің есебі табылар еді.

Шәрбану. Маған сендер тірі қалсаңдар болады. Құдайдың не жазғаны болса да көрермін. (Қамығады.) Тек амандықтарыңды білдіріп, хат жазып тұрыңдар.

Жетінші көрініс

Бұриғғылар және ҰМСЫНАП

Ұмсынай (еңкейкіреп, аяғын әрең басып келеді, баласына қарал күрсінеді). Қарақтарым, қарақтарым, керек нәрселеріңді түгелдеп салдыңдар ма?

Шәрбану. Салып жатырмыз.

Ынтықбай. Апа, майыңды қайттің?

Ұмсынай. Киізге орап тіктім. Уһ! Шәрбанжан, көрпе-жастық бердің бе?

Шәрбану. Бердім, апа!

Ынтықбай. Апа, Шәрбану болмай өзінің көрпесін беріп отыр.

Ұмсынай. Мейлілерің, қарақтарым, мен не қылайын, тек іші құтты болсын.

Ынтықбай. Шәрбан, ағам арбасын жекті ме екен? Тысқа шығып келші. (Кетеді.)

Сегізінші көрініс

ҰМСЫНАП. ЫНТЫҚБАЙ

Ынтықбай. Апа, Шәрбанды ренжітпендер!

Ұмсынай. Қарағым-ау, Шәрбанжанға менің қабырғам қайыспай жүр дейсің бе? Әлгілер Сазамбай түскірден қалай құтылатынын қайдан білейін...

Ынтықбай. Шәрбануды Қанашқа береміз ғой деп ойлаушы едім.

Ұмсынай. Өзім де соны ойлаушы едім.

Ынтықбай. Сазамбай шығынын даулайтын болса, Қанапия мен біздің малдан беріп құтылыңдар! (Ұмсынай Ынтықбайдың қасына келіп отырады.) Қанаш та ұнатар... Ағама тапсырамын. Әйтеуір, Шәрбануды жылатпаңдар! Тірі болсақ, аштан өліп, көштен қалмаспыз.

Ұмсынай (қамығып, Ынтықбайдың басын өзіне таман еңкейтіп бетінен сүйеді). Ақылыңнан айналайын! Бауырыңа жаның ашығаныңан, айналайын! Қарағым! Құлыным! Қашан көрем жүзінді? (Деп алақанымен бетін аялап, қимай отырады).

Тоғызыншы көрініс

Бұрынғылар, ИСАТАЙ, ШӘРБАҢУ

Исатай (кіріп келіп, үндемей аз тұрып). Кәні, болдыңдар ма?

Ынтықбай (анасының қолынан басын босатып). Болды ғой... болмаған не бар енді?

Исатай (төрдің алдына келіп отырады). Күннің сүреңдігі жаманға айналды. Жол Темірқазыққа шығып, ызғырайын деді. Бұлттың да түсі суық, қабағың жауып түйіліп келеді. Сірә, нөсер болар ма екен? Қайтер екеп... Қара жолмен жұрт азан-қазан болып, күңіреніп кетіп жатыр. Күн де ұясына кіріп барады. Енді отыруға болмас. (Бәрі тым-тырыс, нөсердің алдында бұтаға қорғаланған торғайдай бүрісіп, еңсесі салбырап отырады. Әлден уақытта Исатай күрсініп.) Енді жылағанды қойыңдар. Құдайдан тілек тілейік. Қолдарыңды жайыңдар! Батамызды бергеннен басқа қолымыздан не келеді. (Исатай қолын жаяды, өзгелері де қолын жаяды. Анда-санда.) Ей, рақымы мол алла тағала! Оң сапарыңды бере гөр! Аман сақтай гөр! Я, пайғамбарлар, я шарһярлар... я әулиелер! Жолдарына боз қасқа, ақ сарбас айттым. Қолдай гөр, медет бере гөр!.. (Деген күңіренген дауысы үзіліп-үзіліп естіледі.)

Ұмсынай (көзінің жасын тия алмай анда-санда). Жасаған не!.. Көздің жасың қабыл ете гөр... Жалғыздың жанын аман сақтай гөр... (Деп солқ-солқ жылай береді).

Ынтықбай (төмен қарап). «Әумин, әумин» дей береді. (Шәрбану солқылдап ол да «әумин» деген болып ерні қыбырлайды.)

Исатай. Аллау-акпар! (Деп бәрі бетін сипайды, тағы тым-тырыс. Аздан соң Исатай, одан кейін Ынтықбай түрегеліп киім-

дерін киіп, белдерін буынады.) Қәні, енді жылағанды, дауыс шығарғанды қойып, құдайға сыйшындар! Алланың ісіне қарсылық қылған болмайық. Өзіне тапсырайық. Жел ызғырық, жаурап қаларсындар! Шәрбану, қарағым! Қатын сен де тыста көп тұрмандар! Күн жауа ма кайтеді. Біз суыт кетерміз. Қәні, нәрселерің, алып шығындар! (Дыбыс жоқ, ақырын ғана аяқдап, нәрселерін көтеріп, бәрі шығады. Үйдің іші тым-тырыс. Бір минуттан кейін терезеден «Қош, қош, қарағым! Есендікке жазсын!» — деген қалтыраған, күңіренген дауыстар естіледі.)

Онышы көрініс

Ү М С Ы Н А Й, Ш Ә Р Б А Н У

Үмсынай келіп, күрсініп, сылқ-сылқ етіп, маңдайын алақанымен тіреп отыра кетеді.

Шәрбану терезенің алдына келіп, сүйеніп, көзін сүртіп отырады.

Үмсынай (аздан кейін). Жыламайын десең де көзі түскірге жас қайдан келетінін білмейсің! (Жылайды.)

Шәрбану (аздан соң). «Ағатайымдар жылаған жаман болады», — дейді ғой. Апа, жыламайық!

Үмсынай. Оның рас қой, қарағым! Қайтейін іші-бауырың елжіреп тұрған соң!

Шәрбану. Бүгін күн де түнеріп кетті. Ағатайымдардың аттануына қарап тұрғандай жанбыр құйып жіберді ғой.

Үмсынай. Қарағым-ау, жанбыр деймісің, осынша жұрттың көзінің жасы да.

Шәрбану. Тым болмаса, үйге бір түнеуге мұршасың келтірмеді-ау.

Үмсынай. Кәуірдің ісінің бәрі тығыз болмай тұра ма?

Шәрбану. Апа-ау, ағатайымдар қайтып келмейді деген биттей ойым жоқ, үміт үзгім келмейді.

Үмсынай. Кім біледі, құдай бірдеңе сездіретін шығар. (Күрсініп.) Жылай-жылай есіміз де шығып кетті. Бұл үйдің бұзауы, сиыры қайда екен?

Шәрбану. Енді екеуміз екеуден-екеу жылай бергеннен түк өнбес, ағамдар жоқта малдан айрылып қалмайық.

Үмсынай. Оның рас, қарағым! Мен тысқа шығайын. (Шығады.)

Он бірінші көрініс

Ш Ә Р Б А Н У

Шәрбану. Япырым-ау, Қанаш, шынымен-ақ ақылдаспай кеткені ме? Әлде Сазамбайға берді деп өкпелеп жүр ме? Менің

риза емес екенімді білсе керек кой. *(Терезеден қарайды.)* Жауын әлі ашылған жоқ, түк көрінбеді. Дүниені қараңғылық басты ғой. *(Лампы жағады.)*

Он екінші көрініс

ШӘРБАҢУ, КАНАПИЯ

Қанапия *(үсті-басы су, кіріп келеді)*. Бүгін құдайдың күні де көрін төкті ғой.

Шәрбану. Е, келдініз бе? *(Қарсы жүреді.)*

Қанапия *(құшақтап бетінен сүйіп)*. Мені келмей кетеді дедің бе?

Шәрбану. Қайдан білейін тым кешіккенге.

Қанапия. Ынтықбайлар жүріп кеткен бе?

Шәрбану. Жүріп кетті.

Қанапия. Жүрсе мен де қуып жетермін.

Шәрбану. Қалай аттанды, солай жаңбыр да құя салды.

Қанапия *(күрсініп)*. Заман осылай болды, сәулем! *(Тымтырыс.)* Тым болмаса, Ынтықбай да қалмады. *(Шәрбану Қанапияның қолтығына кіріп көзін сүртеді.)* Сонда да үмітсіз шайтан деген ғой, ақырының қайырын тілейік.

Шәрбану. Кеше түнде мен бір түс көрдім.

Қанапия. Қандай түс, айтшы қалқам!

Шәрбану. Түсімде ел көшкен екен деймін. Біздің қара інгеннің жүгі ауыр, жатып алды. Ұрамын кеп тұрмайды, ұрамын кеп тұрмайды. Әбден шаршап жан-жағыма қарасам, көштің бәрі арылып кетіпті. Күн батып, ымырт жабылып барады. Қорқып зәрем ұшып отырғанда, көзі бақырайған бір енгезердей адам келіп, қолтығына қысып алды да жөнелді. Дауысымды шығарайын десем, бүйірімнен қысып қалады. Енді өлем ғой деп келе жатқан едім. Қолыңызда сойылыңыз бар сіз келіп, төбелесіп, мені айырып алып қалдыңыз. Сізбен құшақтасып тұрып, оянып кетіппін.

Қанапия. Сәулем-ай! Бұл жақсы түс екен. Екеуіміз түбінде қосылады екенбіз.

Шәрбану. Айтқаныңыз келсін. *(Қанапия аузынан сүйеді.)* Апам келіп қалар тұрайық. *(Отырады.)* Сіз ағатайыма айтқан екенсіз ғой.

Қанапия. Не деді саған?

Шәрбану. Сізбен дос болғанын айтты және Сазамбайдың шығынын төлеп құтылу керек дегенді айтты.

Қанапия. Қалай құтылу керек деді.

Шәрбану. Сіздің үй мен біздің үйдің малынан берсек жетер деді.

Канапия (қуанып). Онысы ақыл-ақ екен! Мен әжеме тапсырып жіберейін.

Шәрбану. Ағатайым ағама тапсырам деп кетті. Маған өлгенше жаны ашды. Бауырым! Қуатым! Бәрін ойлап жүргенін қарашы.

Канапия. Ынтықбай ма? Тірі болса адам болады ғой.

Он үшінші көрініс

Бұрынгылар және ҰМСЫНАП

Ұмсынай (Канапияға алақанын көлеңкелеп, сығалап қарап). Қарағым-ау, Қанашпысың?

Канапия. Иә, шеше. Жүріп бара жатыр едім. Қош айтысайын деп келдім.

Ұмсынай. Ынтықбайды біз де жаңа жөнелтіп, Шәрбанжан екеуміз жылап-жылап жаңа басылып отыр ек...

Канапия. Тірі кетіп бара жатқан кісіге жылай ма екен? Аман болсақ, бір күнгідей де болмайды.

Ұмсынай. Оның рас қой, қарағым! Сен бұрын түзге үйреніп қалдың ғой. Біздің жалғызды айтсайшы... Әжең байғұстың да құр сүлдері қалған шығар!

Канапия. Қайтсін, құдайдың салғанына көнеді де. Жолдастар ұзап кеткен шығар, мен жүрейін, дәм ауыз тигізіңіз, шеше!

Ұмсынай. Тигізейін, қарағым! Наннан үлкен дәм жоқ деуші еді, бауырсақ берейін, қарағым! (Тәрсіккеге бауырсақ салып, орамал жайып алдына қояды.)

Канапия (бір бауырсақты аузына салып). Шәрбану сен де ал.

Ұмсынай. Қарағым, Қанашпен бірге сен де же! Бір дастарқаннан дәм татқанша әлдене заман (Шәрбану бір бауырсақ алады.) Мен алайын. (Алып жейді.)

Канапия (дастарқанды қайырып). Абыр бер! Аман сақта! Аллақпар де (Бата қылады.)

Ұмсынай. Ей, жасаған-ай, сақтай гөр!

Канапия (түрегелді, өзгелері де тұрады). Қош, енді шеше! (Ұмсынайдың қолын ұстайды.)

Ұмсынай (жыламырап бетінен сүйіп). Қош, қарағым, қош! Шәрбану, құрбынды аттандыр, қарағым! (Канапия, Шәрбану шығады.)

Он төртінші көрініс

ҰМСЫНАП

Ұмсынай (Канапияның артынан қарап). Қызығынды көрем бе деген екі үйдегі екі жалғыз едім. Екеуің де кеттің бе? (Деп

жылап отыра кетеді). Жасағанның ісінің бәрі оң ғой, сонда да адамның дәті шыдамайды екен-ай! (Деп тағы солқылдап жылайды.)

Он бесінші көрініс

Ұ М С Ы Н А Й, Ш Ә Р Б А Н У

Шәрбану көзін басып, жылап келіп, тізесін құшақтап, бүрісіп отыра кетеді. Аз ғым-тырыс.

Он алтыншы көрініс

Б ұ р ы ң ы л а р, И Т Б А С, О Р А З

И т б а с (ит қуған ешкідей ежіреңдеп кіріп келеді де). Е, екеуден екеу отыр екен ғой.

О р а з (асығып, қорқып, алақтап кіреді). Амансыздар ма? Ұ м с ы н а й (таңданып). Шүкір, жарықтығым, қай баласыңдар! (Шәрбану ақырын басын көтеріп, таңданып қарайды.)

И т б а с. Танымасаңыз, танытайық. Біз құдаңыз боламыз.

Ұ м с ы н а й. Қай құда, жасаған!

И т б а с. Сазамбай деген күйеуіңізді естуіңіз бар ма?

Ұ м с ы н а й. Бар, бар.

И т б а с. Бар болса, балтай-шалтай керек емес, жесірімізді алғалы келдік.

Ұ м с ы н а й. Опырым-ай! Бұ не деген сұмдық! (Деп тұра жүгіріп Шәрбануды құшақтай алады.)

Ш ә р б а н у (бүрісіп шешесіне тығылып). Апатай-ай!

И т б а с (Оразға). Не тұрыс бар, тарт қызды!

О р а з (қипақтап). Батылым бармай тұрғаны.

И т б а с. Не оттап тұрсың! Не бар аяйтын. (Айғайлап.) Саезеке, Саезеке!

Он жетінші көрініс

С а з а м б а й (ентігіп, алақтап). Қыз қайда?

И т б а с (қызға ұмтылып). Мұнда-мұнда.

С а з а м б а й (ойбайлаған Ұмсынайды итеріп тастап). Өлейін демесен, қоя бер!

Ұ м с ы н а й. Ойбай-ай, жасаған-ай! (Деп шалқасынан құлайды. Сазамбай, Итбас қызды ойбайлатып, апатайлатып көтеріп алып кетеді.)

О р а з (Ұмсынайға қарап). Ой, сорлы! (Шығады.)

Ш ы м ы л д ы қ

Ү Ш І Н Ш І Б Ө Л І М

Алаң. Сазамбайдың үйі. Сол жақта Сазамбайдың кілем жапқан төсегі, еденде сырмақ, алаша, кілем, оң жақта есік, төрде екі терезе.

Бірінші көрініс

МАЛАП

М а л а й (бірдеңе қарап жүр. Пештің түбін, іргені, төсек астын, терезенің алдын бәрің қарайды, тоқтап тұрып сөйлейді). Пештің түбінде жатыр дейді, жатқаны қайда, көне? Биг болып кетті ме? Қайда жыттырып жіберді, оңбаған кубас, жыппақ жаралған бақсының тұқымы. Осы қақпастың тілің алып жүрген Сазамбай да бір көк төбет. Шәрбанудың бір тырнағынаң садаға кеткір. Ой, болыстан тапқыр жүзі қара. Кәрінт. Әлі күнге ойнас қылады. Болыс келсе жағын сылап, қылмың-қылмың етіп өліп қалады. Тұзды суды қайнатып тұрып сауырына құяр ма еді келіп, қашақ көк снырдай қылып. (Соңғы сөзді бітірместен Қалипа кіріп келеді).

Екінші көрініс

МАЛАП, ҚАЛИПА

Қ а л и п а (адуындап кіріп, Малайға төнеді). «Немене, көк сныр, көк сныр»,— деп шатып тұрғаның? Көзіңе сайтаның елестеп тұрма?

М а л а й (геріс қарап күңкілдеп). Көк сныры не айтып тұрған, кілтті таба алмай сандалып тұрсам.

Қ а л и п а. Көзіңді шел қаптап кетті ме? Түйнеме келгір, жайрап қалғыр! Қыршыныңнан қиылғыр! Ірге жақта дегенім қайда?! (Іргеден кілтті суырып алып.) Мынау әкеңнің кеуіп қалған шекесі ме?

М а л а й. Қайдан білейін.

Қ а л и п а (екіленіп). Қайдан білейін. Көзіңе қояншығын көрініп тұр ғой, боқ жеген, тентіреген шошқа. Неге бадалып тұрсың? Бар жұмысыңды қыл! Сілейіп, мені атып жібергелі тұрсың ба?

М а л а й. Айтып бол, айтып бол!

Қ а л и п а. Айтып болғанда қайтейін деп едің? (Өршеленіп.) Ой, өзің менімен тайталасқың келіп тұрма? Жерге қағып жіберейің бе?

М а л а й. Енді айтарың бар ма?

Қ а л и п а. Маған «сен» деп сөйлеме! Семіп қалғыр, шешендей кісінің бетінен алатын неткен көргенсізсің өзің?

М а л а й. Сенің көргендігің мынау болса, (күбірлеп) дәл көмейіңнің... (Деп шығып кетеді).

Үшінші көрініс

КАЛИПА

Қ а л и п а. Ой, тіліңе құлғана шықсын, ой, күйдіргі шықсын! Ой, оңбаған, тентіреген ит. Есік-есіктен, тесік-тесіктен өт. Өл де маған. Ол не қылғаны екен? *(Бұрқыраған бетімен төсектің қасында жатқан жаулықты жұлып алады.)* Осы адыраны ұстағалы қашан?! *(Сілкілейді.)* Күнде будырап аяқтың астында жатқаны Керіліп-созылып іс қылайын демейді. Қағаз оқитын бір өнер тауып алыпты. Маған молда қылуға алып па еді осы қаншықты. *(Ернін бырс еткізіп.)* Әдірам қалайын! Қатынға қағаз не керек?! *(Ойланып тұра қалады.)* Токтай тұр!.. Осы қатын біреумен хат жазысып жүрмесін. Тұра тұр. Байпағыңды отқа қалайын! Боқ сасыған жаман күн! Бала табам, байға жағам деп шалжақтайтын шығарсың! Бетіңнің қызылына, шашынның ұзынына мардымсытын шығарсаң! Жок, қарағым! Оныңа бола қоймаспын. Сен бала тапқанша өзіңді де көк жұлын ғып өлтірермін. Қалипаның көрген қоқайы жалғыз сен емес.

Төртінші көрініс

КАЛИПА, МАЛАП

М а л а й *(есікті ашып, теріс қарап тұрып)*. Бай шақырады.

Қ а л и п а *(жалт қарап)*. Бай шақырса сазайынды бергізейін боқ жеген неме! *(Жөнеледі.)*

Бесінші көрініс

ШӘРБАҢУ

Ш ә р б а н у *(шапан бұркенген, жез құманды жерге қойып, төрдің алдына келіп қалтасынан хатты алып оқиды)*.

— Сізге, ғизатлу уа құрметлу, сүйікті көргуші Шәрбану құрбымызға изгі сәлемдеріңізді жолдаймын. Бағында бізден хал-ахуал сұрасаңыз, алхамды иллә сағ-саламат келдім... *(Қуанып, масайрап.)* Жасаған-ай, келіп қалған екен ғой! Сәулем-ай, жаным-ай! Құдай-ау, өнім бе, түсім бе? *(Хатты тағы оқиды.)* Наукас болған соң дәрігерге ақша беріп қайттым. Енді наукастан арылдым. Ынтықбайдың да дені сау, орны жайлы. *(Тағы тоқтап.)* Ой бауырым, қуатым. *(Оқиды.)* Сенің халіңді естігелі бері ішкенім у, жегенім желім болды. Өзім жақында барамын. *(Таңданып.)* Жасаған-ау, қалай келеді. Уәдеде бар болсаң, бір жола алып кетемін, даярлана бер. *(Таңданып.)* Ойпыр-ай, қалай алып кетеді?! Ендігі сөзді жолыққан соң сөйлесерміз. Даю қалам тербеткуші ғашық жарың

Қанапия деп білерсіз. (Хатты қалтасына салып ойланады). Ойпырым-ай! Қалай кете аламыз?! Қалай жолығар екен? Бәледен қалай құтылар екенбіз! (Ойланып тұрады.)

Алтыншы көрініс

ШӘРБАҢУ, ҚАЛИПА

Қ а л и п а (келіп). Мынасы нағып тұр сілейіп?!
Ш ә р б а н у (артына қарап). Жай тұрмын.

Қ а л и п а. Жай тұрмын дегенше ісінді істесейші. Бірдеме шалып кеткен кісіше мелшініп тұра бермей.

Ш ә р б а н у. Апа-ау, сонша асығыс не шаруа бар?

Қ а л и п а (кекетіп). Не шаруа бар? Шаруа болмаса, ертеден қара кешке салпылдап неғып жүрміз! Осы үйдің іші судай ағып бара жатса «е» дер ме екенсің? Мұрнымды кесіп берейін!

Ш ә р б а н у. Апа-ай, тіпті жоқ жерде сөз қылады екенсіз.

Қ а л и п а. Қатқанның басы жоқ жер ме? Бір жаулықты ұстағалы табындатқан ай болған жоқ.

Ш ә р б а н у. Қашан, екі-үш-ақ күн болған жоқ емес пе?!

Қ а л и п а. Қашан екі-үш күн? Дәл бір жұма болған жоқ па?

Ш ә р б а н у. Ұрыспаңызшы, бәрі де бітер!

Қ а л и п а. Қайдан бітеді? Түзге барғанға бір ай жоғаласын...

Ш ә р б а н у. Енді дәретке де шығармайсыз ба?!

Қ а л и п а. Қысқа күнде тап қырық шығасың ғой. Сенің-ақ қуығың жарылып тұра ма? Біздің сінбіруге де мұршамыз келмейді.

Ш ә р б а н у. Маған не қыл дейсіз?

Қ а л и п а (кекетіп). Не қыл дейсіз? Тілін қарашы, тілінді қайшымен қырқып алар ма еді?!

Ш ә р б а н у. Елден-жұрттан ұят-ау!

Қ а л и п а. Сенікі ұят емес пе? Тәйт, әрі суырылмай! Тайталасқанды қайдан шығарып алдың, тілінді суырып алайын ба? (Сазамбай келген соң дәуірлеп кетеді.)

Жетінші көрініс

Бұрынғылар және САЗАМБАЙ

С а з а м б а й (кіріп келе жатып). Пай, пай, тағы немене шаңқылдап жатқандарың? Не болды? Не бүлініп қалды.

Қ а л и п а (шаптығып). Не болсын? Мына сойқанды қаншығың «е» десе, «мә» деп түрегеледі.

Ш ә р б а н у. Мен не деппін. Құдай бар ғой.

Қ а л и п а (кимелеп сөйлетпейді). Ой, құдайдан садаға кет!

Ой, тілің қыршылып қалғыр! Осы үйді құртпай сен тыныш таппайсың!

С а з а м б а й. Не жоқ, не боя қалды?

Қ а л и п а. Не болсын, дүниеге түк береке қоятын емес. Жарты қағаз шайдан кеше айрылып қалды. Әне күні бастап, бес пұт ұнтағы құрып қалыпты.

Ш ә р б а н у. Япырым-ау, мен тілті ас үйіне бармаймын ғой.

Қ а л и п а. Қой әрі, сөзінді! Сенің жүргеніңді кім аңдып отыр?

С а з а м б а й. Ұнды кім қопарып кетті?

Қ а л и п а. Кім қопарушы еді? Алыстан жау келді дейсің бе? Бұрын керек десе, сынық инеміз де жоғалмаушы еді. (Сазамбайға.) Жоғалып па еді? Өзің айтшы? (Шәрбану көзін сүртеді.)

С а з а м б а й (Шәрбануға оқты көзімен қарап). Сендер-ақ құлағымның етін жеп бітірдіңдер ғой!

Қ а л и п а (Шәрбануға қарап). Қылатының қылып алып монтансып тұрғанын сайқалды қаншықтың...

С а з а м б а й (Шәрбануға түйіліп). Көзіңді ағызып жіберейін бе?!

Ш ә р б а н у (жыламсырап). Жасаған-ай, күн көрсетпедің-ау!

Қ а л и п а. Күн көрсетпей не қылдық? Ішкеннен, жегеннен кенде болдың ба? Ішінде арамдығың бар ғой, бәлен бар ғой. Енді бір хат жазатынды шығарып алыпты. Кімге жаза беретінін құдай білсін?!

С а з а м б а й (елеуреп). Не дейді? Хат жазған деген тағы не сұмдық! (Ұшып түрегеліп Шәрбануға төнеді.) Кімге жазып жүрсің, қайдан үйрендің?

Ш ә р б а н у (жыламсырап). Құдай біледі, жазғам жоқ...

С а з а м б а й (тістеніп Шәрбануды жұлқылап). Мә, хат жаз, мә саған! Жаз! Көрсетейін саған иттің баласы! (Деп жұдырықтай бастайды).

Ш ә р б а н у. Жасаған-ай, өлдім-ау!

Қ а н и п а. Өлмесең ішің кепсін!..

Сегізінші көрініс

Бұрынғылар және ДУАНА

Д у а н а (басында үкілі шошақ тақия, қолында асасы салдырлатып кіріп келіп). Хак! (Деген ышқынған дауысы саңқ ете түседі.) Сабыр, сабыр, сабыр! (Деп Сазамбайды ұстай алады).

С а з а м б а й (сасқалақтап). Ассалаумағалейкум, таксыр! (Қол береді).

Д у а н а. Уағалейкумассалам! (Қолын алып.) Ә, бай, жарамайды. Жарамайды... жас бала ғой, жас бала ғой. О, бақыр-ай!

(Сазамбайға басын шайқап.) Біреудің жас баласы ғой, жарамайды, жарамайды.

С а з а м б а й (қалбалақтап). Жоғары шығыңыз, тақсыр! Аман, жақсысыз ба?!

Д у а н а (төрге барып отырып, басын шайқап асасына сүйенеді). Жарамайды, жарамайды.

С а з а м б а й. Тақсыр, үй іші болған соң, ұрыс-қағыс болмай тұра ма?

Шәрбану көзін сүртіп отырып қалады. «Бү сұм қайдан келіп қалды?» деген кісіше Дуанаға ила көзімен қарайды.

Д у а н а (Шәрбануға қарап). Ей, балақай-ай! Жылама балақай! Жылама! Адам боларсың, құдай жеткізер! Адам боларсың, құдай жеткізер! (Кенеттен «хақ» деп ақырып қалады)

С а з а м б а й (Селк етіп, шошып қалады. Сасқанынан). Тақсыр қайдан шықтыңыз?

Д у а н а (асасын сүйеп қойып). Міне жердегі ауылдан шықтым.

С а з а м б а й. Е, Табекең аулынан ба?

Д у а н а. Табекең бе, Сазекең бе білмеймін!

(Шәрбану таңданып дуанаға қарайды. Қалина шығып кетеді.)

С а з а м б а й. Қай туған боласыз, тақсыр?

Д у а н а (жауап бермей Шәрбануға қарап). Ей, бақыр-ай, тұрымтай бұқтырған томашадай бүрісіп отырғаның бақырдың.

С а з а м б а й. Руыңыз қай ел болады, тақсыр?

Д у а н а (Сазамбайға төніп). Мені құдай айдап келген шығар қайдан білесің? (Тізесімен жорғалап Сазамбайға таянады). Ана бақырдың көзінің жасы айдап келген шығар!.. Қайдан білесің? (Шәрбану тамсанады). Жас бала ғой, жас бала ғой, обал ғой.

С а з а м б а й. Перзентке зарлымыз, тақсыр! Перзент үшін алғам ғой Тақсыр! «Қырықтың бірі — Кыдыр» деп еді, қайта батқызды беріп кетіңіз!

Д у а н а. Құдай бермеген баланы мен берем бе?

С а з а м б а й. Сонда да себеп қой, «себелсіз нәрсе болмайды» деген сөз бар ғой, тақсыр!

Д у а н а. Құдайдан сұра, құдайдан сұра! (Өзін нұсқап.) Мынадан сұрама! (Сазамбайды қарынға түртіп қалып.) Мынадан да сұрама!

С а з а м б а й (түртіп қалғанда). «Е!» (Деп шошып, кейін шегінеді. Шәрбану мырс етіп күледі).

Д у а н а (күліп). Қорықпа! Қарпынды құдай теспесе, мен теспеймін.

С а з а м б а й. Тақсыр, жолдасың жоқ па?

Д у а н а. Жолдасым бір алла!

С а з а м б а й. Бал ашпайсыз ба, тақсыр! (*Дуана басын шайқайды*). Қайыр-садақа аласыз ба?

Д у а н а. Мен садақа берейін, аласың ба?

С а з а м б а й. Жоқ, әншейін ел аралап жүргенге айтып жатырмын.

Д у а н а. Аллатағаланың жаратқан ғаламын тамашалап жүрмін. Басқа еш нәрсе маған қажет емес... Әй, балақай, балақайы, маған құман тауып берсең, мен дәрет алар едім, балақайым! Қалқатайым, — деп жүрер едім...

С а з а м б а й (*Шәрбануға*). Тұр дуанаекене құман әкеп бер. (*Шәрбану ауыз үйден құман әкеледі.*) Тақсыр, рұқсат болса, мен малға шығайын.

Д у а н а. Рұқсат, рұқсат! (*Түрегеліп дәретке ыңғайланып*). Малыңды жайла, шайыңды сайла!

С а з а м б а й (*кетіп бара жатып Шәрбануға*). Дуанаекене дәрет алғызып, орамал, жайнамаз тауып бер! (*Кетеді.*)

Тоғызыншы көрініс

ДУАНА, ШЭРБАЛУ

Д у а н а (*Шәрбануға таянып*). Балақайым, Дуананы таныдың ба?

Ш э р б а н у (*шегініп, таңданып*). Жоқ!

Д у а н а. Дуананы ұмыттың ба?

Ш э р б а н у (*тамсанып*). Даусыңызды бұрын естіген сияқтымын, шырамытамын. (*Қадалып қарайды.*)

Д у а н а. Танымасаң. (*Деп сақалын жұлып алып.*) Мен — Қанапия.

Ш э р б а н у (*бетіне қарап жіберіп*). Қалқатайым-ай! (*Деп мойнынан құшақтай алады.*)

Қ а н а п и я (*аймалап сүйіп*). Жаным, зорға шыдадым ғой. (*Айрылысады.*)

Ш э р б а н у. Япыр-ау, Дуана болып келу қайдан ойыңызға түсті?

Қ а н а п и я. Кісі ойлай берсе, не таппайды?!

Ш э р б а н у. Осы дауысты қайда естідім деймін кеп! Сақалыңыз болғанға тағы күдіктенем.

Қ а н а п и я. Біздің көсегемізді көгертетін сақал осы. (*Сақалын киіп алады.*)

Ш э р б а н у. Сізді танып қоймаса.

Қ а н а п и я. Атасының басы танысын ба? Зәресін ұшырып қойдым. Айтпақшы, менің хатымды алдың ба?

Ш э р б а н у. Бүгін ғана алып, қуанып отыр едім.

Қанапия. Алсаң, жарайды, немене? Маған ересің бе?

Шәрбану. Ермей енді, көрген күнім әлгі ғой.

Қанапия. Жаным-ай! Қорлықты көрсеткен екен ғой жауыз-дар!

Шәрбану (*жыламырап*). Екі күннің біріндегісі осы. Кеудеде шыбын жан болған соң, шыдай береді екен кісі...

Қанапия. «Мехнат түбі — рахат», — деген, енді жылама, жаным! Жылайтын жер бұл емес, жаным, мен сені біржола алып кеткелі келдім!

Шәрбану (*қуанып*). Шын ба, сәулем?

Қанапия. Шын болғанда, қандай!!

Шәрбану. Жалғыз өзіңіз қалай әкетесіз?

Қанапия. Жалғыз емеспін, жолдастарым бір шақырым жерде күтіп отыр.

Шәрбану. Жасаған-ай! Жеткізе гөр Құтқара гөр, жасаған!

Қанапия. Күн ұясына кіріп барады. Күнбатыс сары алтынға боянғандай, жарқырап тұр. Дала майдай жылы. Баяулаған өкпек желдің ғана лебі білінеді. Шыбын ызылдап, торғай шырылдап жүр. Несін айтасың кісі тоғатын емес! Түзге шыққан болып, кезекнің астына түсі! Мен де сол жерде атыммен күтіп алармын. Жолдастарға бір жетсек, «шуу» деп қалаға бір-ақ тартамыз.

Шәрбану (*жүрегің басып*). Менің жүрегім тулап барады. Біз биттей шімірікпейміз-ау!

Қанапия. Қорқатын тұқ жоқ. Үйде қойшының тор шолағынан басқа дөңгелек тұяқ көрінбейді. Қуғыншы болмайды. Мен намазды оқып, жайланып, атымның қасына барармын, көп кешікпей сен де шығарсың! — деген апақ-сапақ мезгіл — жүргеніңді адам сезбейді.

Шәрбану. Жарайды, қалқам, жарайды! Кеудемде жаным болса жетермін. Мен тысқа шығайын. (*Деп, кетеді.*)

Қанапия кестелі жайнамаздың үстінде үкісі былғандап қол жайып отырғанда Сазамбай кіреді.

Оныншы көрініс

ДУАНА, САЗАМБАЙ

Сазамбай аяғын қатты басса, аулиенің бәлсінне қалатындай аяғының үшімен басып, ақырын келіп жүгініп отырады. Дуананың бата қылғаны да бір қылы — сікі білегін қоса созып, алақанын көкке жайып, көкке сермеп басып салбыратып отырады. Сазамбайға бұл да жат көрінеді, дуанаға мүлде ден қойып, қолын жаяды. Анда-санда дуананың күрілдеген дұғасы естіледі. «Япаыз, япай, ая» деп бір қояды. Сазамбай «яләки әумин», — аузын толтырып, еркі қыбырқыбыр етеді.

Дуана. «Ягаусыл-ағызам бәлегерден, бәлегерден...»

Сазамбай. Илләки әумин!

Дуана. Имам ағызам! Әбу Қанапия! Ашшарбану ашшарбану.

Сазамбай. Илләки әумин.

Дуана. Дертіме дәрмен, дертіме дәрмен.

Сазамбай. Илләки әумин.

Дуана (*аят оқыған кісіше*). Қирағатмен сайхатәу-уә қайда тан қимылым тиді қатан. Уәминна ашпа жағайнас Сазамбайнел харинайн! Қарнынды алазина күмпілдете мол мойнун. (*Деп бетін сипайды.*)

Сазамбай. Әумин, әумин! (*Деп бетін сипайды.*)

Дуана (*түрегеліп артына қарап*). Я жуан қарным! Келдің бе?

Сазамбай. Келдім, тақсыр, келдім. (*Деп қалбалақтап жайнамазды жинап, дуананың астына төрт қабат көрпе төсейді.*)

Дуана (*отырып*). Боқ қарным менің ақсақалым көріне ме?

Сазамбай. Ұқпадым, тақсыр!

Дуана. Астыма мінетін ақ сақалым!

Сазамбай. Е, атыңыз ба? Жоқ, байқамадым, отқа қойып па едініз?

Дуана. Біздің ақсақал аузы қимылдағанды сүйеді.

Сазамбай. Ақсақалыңызды алдырайын ба? Тұрсын ба?

Дуана. Тұрсын, тұрсын! Ақсақалымның мінезі жаман. Өзімнен басқаны жолатпайды. Боқ қарынға бір-ақ тебеді.

Сазамбай. Мінезі шәлкес екен ғой. Жарықтық кейбір малдың сондай мінезі болады ғой.

Дуана. Ақсақалыма тимеңіз, ақсақалымды өзім күтем. Өзім әкелемін. (*Жан-жаққа мойнын созып отырып, «Аһ» деп асасын алып түрегеледі.*)

Сазамбай (*түрегеліп*). Таксыр, қайда барасыз?

Дуана. Ақсақалыммен әңгімелесемін, ақсақалым үркіп кетеді.

Сазамбай. Япырым-ай, малшылар әкелетін еді ғой. (*Деп қалбалақтап кебісін салады.*)

Дуана (*кетіп бара жатып*). Боқ қарным, малыңды жайла, тамағыңды сайла, шайыңды майла!

Сазамбай. Күп, тақсыр! Бәрі болады. Шайыңыз да, майыңыз да табылады. (*Дуана кетеді.*)

Он бірінші көрініс

САЗАМБАЙ, ШӘРБАҢУ

С а з а м б а й (есікке қарап). Әй, қайсың барсың, біреуің мұнда келші!

Ш ә р б а ң у. Мен бармын. (Деп кіріп келеді.)

С а з а м б а й. Шәрбанумысын, лампаларыңды жағып, дуананың шайын дұрыстап беріңдер!

Ш ә р б а ң у. Жарайды дұрыстайық. (Лампы жағады.)

С а з а м б а й. Жарықтық, бір әулие адам көрінеді. «Қырықтың бірі Қыдыр» деп еді. Қандай адам, әлдекім біледі?

Ш ә р б а ң у. Өзі бір түрлі дуана екен.

С а з а м б а й. Садақа алмайтын бір ғажап адам екен. Тегі бір қасиетті адам ғой бұл. Қатын, сен ренжіп қалдың ба? Дуана ренжітпе деді ғой, енді ренжітпеймін. Кәпір сол кәрі қатынмен сөйлесіп не қыласың? Үндемей жүре бер.

Ш ә р б а ң у. Оған сөйлеген кім бар? Жазықсыздан жазықсыз қарап отырып күйдіреді.

С а з а м б а й. Жаман үйреніп кеткен іші тар кемпір емес пе? Сенің қойнына жатқанды да көре алмайды. Сол кәрі ітті сенен артық көреді дейсің бе? (Шәрбану аққұманға шай салады.) Бар болса қағаз шайыңнан сал!

Ш ә р б а ң у. Салып жатырмыз. (Аққұманды алып, шапаның жамылып шығып кетеді.)

Он екінші көрініс

САЗАМБАЙ, ҚАЛИПА

Қ а л и п а (сөйлей кіреді). Әлгі бір қоңыр қозының аяғын мал басып кетсе керек, қиралаңдап жүре алмай жатыр.

С а з а м б а й. Төл салған кезде сиырды жолатпау керек қой. Қойшы қайда, қойшы не қарап жүр?

Қ а л и п а. Ылғи өз көзің жүрмесе, бірдеңені шығындатпай қоймайды. Қойшы деп қойшы не қараушы еді? Қойдың қабырғасын күйреткеннен басқа. Анасына да, мынасына да жүгіремін, қайсы біріне жетерсің...

С а з а м б а й. Өзің жүрмесең, кімнің жаны ашиды дейсің?

Қ а л и п а. Әлгі бір жыңды құнажып төлді қиратып кете жаздағаны. Мен болмасам ешқайсысының ойына келетін емес, уһ, уһ, ах...

С а з а м б а й. Төл салған кезде сиырды қой қораға каматып қоюың ғой, әйтпесе сиыр ит жай жүре ме, соқтықпай.

Қ а л и п а. Қой қораның қиын ойдырып алмаса, сиыр кірген соң қи бола ма? Ендігі жылы отын да керек болар?!
ах...

С а з а м б а й. Бір қалт еткенде Қойшыбайға ойдырып тастауың керек қой.

Қ а л и п а. Қалт еткен күн оның қолы тие ме? Өзге жұмыс қылынбаса да, киды ойдырып алсам-дағы.

Оныншы көрініс

Бұрынғылар және ҚОЙШЫБАЙ

Қ о й ш ы б а й. Самаурын қайнап тұр жасайтын болсаңдар.

Қ а л и п а. Жасайтын болсаңдар дегенше, әлгі қатын қайда? Шақыр мұнда! Шайға да мен жүрейін бе? *(Қойшыбай кетеді).* Дымым құрып отыр. *(Күрсініп қояды.)* Қайда жоғалып кететұғынын білмейсің, апақ-сапақта кісі далаға бара ма екен?

С а з а м б а й. Ылғи ұрыс-қағыс қыла бергенше, оны былай баулып, үйретсек болмай ма? Дуана айтқандай біреудің жас баласы гой ол.

Қ а л и п а. Мен үйретпей жүрмін бе, үйреткенінді істеп отыр ма?

С а з а м б а й. Ақыл ғып жай айтсаң, неге үйренбесің. О да адамның баласы емес пе? Әке-шешесі қияңқы адамдар емес еді. Сенің айтқаныңнан шығып қайда барар дейсің?

Қ а л и п а. *(Сазамбайға қасқырша қарип).* Немене, тоқалға жаның аши қалды ма, сөзін сөйлей қалдың!

С а з а м б а й. Қатын, кейде сенің жоқты айтып кететінің бар. Күнде ұрыс-қағыс қылатын сендерге не жетпей барады? Құдайға шүкір, киімге, тамаққа зарлы емессіңдер?

Қ а л и п а. Киімі де, тамағы да құрысын! Жаны құрғырды отқа салып қойған соң...

С а з а м б а й. Жаныңа не қылды? Малшылар бар, тоқал бар!

Қ а л и п а. Ой, тоқалда басың қалсын, тоқал, тоқал деп әлі құрығаныңды білмессің.

Он төртінші көрініс

Бұрынғылар және ҚОЙШЫБАЙ

Қ о й ш ы б а й *(келіп).* Әлгі Шәрбану бұл өңірде жоқ.

С а з а м б а й. Қайда кетіпті, шақыр!

Қ о й ш ы б а й. Қайдан шақырайын, жоқ.

Қ а л и п а. Ораздың қатынымен аузы жабысып отыра беретін, сонда барған шығар.

Қ о й ш ы б а й. Ораздікіне де бардым. Итбастікіне бардым, Ұйпалактікіне де бардым, бір адам көрмепті.

С а з а м б а й. Түзге барған шығар.

Қойшыбай. Қүндегі баратын босаға төбенің астына да бардым, жым-жылас.

Сазамбай. Япырым-ай, ол қайда кетті.

Қойшыбай. Қайдан білейін, көк жұтқанын, жер жұтқанын...

Калипа. Әлгібір қонағың қайда? Дуанасы ма еді, сайтаны ма еді?

Сазанбай. Дуана бар ма?

Қойшыбай. Дуана түгіл, сайтан да жоқ.

Он бесінші көрініс

Бұрынғылар, ИТБАС

Итбас (кіріп келіп). Әлгі бір мінгесіп жөнелген кім?

Сазамбай (ұшып түрегеліп). Кім, кім, не дейді?

Итбас. Босаға төбенің астынан мінгесіп шаба жөнелді. Ай-қайлап едім тоқтамады.

Калипа. Мәссаған безгелдек!

Сазамбай. Шәрбану жоқ, тоқал жоқ!

Итбас. Алдындағысының көйлегі ағарғандай болды.

Сазамбай. Уһ, сол болды, әлгі Дуана ұрып кеткен екен.

Қойшыбай. Дуанам жарайсың?

Калипа. Ал, «тоқал-тоқал» деуші едің.

Сазамбай. Ат қайда, ұмтыл, ат әкел.

Қойшыбай. Тор шолақтан басқа ат жоқ.

Сазамбай. Қап, қап.

Шымалдық

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Алаң. Кеңсенің бір бөлмесі, жазу столы, орындықтар, бір-екі ұзық скамейка, екі жақта екі есік.

Бірінші көрініс

МИЛИЦИЯ, КОМИССАР

Милиция (ауыз үйдің есігінде күзетте тұр. Есіктен сығалаған біреуге мылтығын оқтанып). Қарама! Көзге соғып алармын.

Комиссар (қолтығынди портфелі, кіріп келеді). Арыз көппе?

Милиция (честь беріп). Қаптап отыр.

Комиссар (орнына отырып). Шәрбану Исвтайқызы бар ма?

Милиция. Бар.

Комиссар. Шақыр мұнда! (Портфелден қағазын алады).

Милиция (қуаңқыланып). Шәрбану Исатайқызы!

Екінші көрініс

Бұрынғылар және ШӘРБАҢУ

Шәрбану шапанын бүркеніп, ақырын аяндап, именікіреп келіп отырады.

Комиссар (түрегеліп). Бері таман келіңіз. (Деп үстелдің алдына орындық қояды). Отырыңыз! (Шәрбану созылып отырады). Сіз басыңызға бостандық сұрап арыз бердіңіз бе?

Шәрбану. Бердік.

Комиссар (арызды көрсетіп). Мынау арыз сіздікі ғой.

Шәрбану. Біздікі.

Комиссар (қоразданып, шашын жоғары тарап, шылымын тартады). Кош! (Арызды қарап.) Сазамбай Боқтыкөт баласына, черт возьми, осындай да ат бола ма екен. Я, Сазамбайға еркіңізбен шықтыңыз ба?

Шәрбану. Жок, тартып алды.

Комиссар. Қалайша, бұрын сізді айттырып па еді?

Шәрбану. «Призывтын» тұсында ақша беріпті.

Комиссар. Да, арызыңызда айтылған екен. Словна арыздағы сөзіңізді айтасыз ғой?

Шәрбану. Иә, арызда түгел айтылған шығар!

Комиссар (Шәрбануға қарап, мойнын бір бұлғақтатып). Мына Қанапия деген жігітпен қалай тамыр.. жақын болдыңыз ба?

Шәрбану. Бұрыннан уәдеміз болушы еді!

Комиссар (қалжыңдап). Ә, ғашық болдыңыз ба?

Шәрбану (төмен қарап, бөгежектеп). Ұнатқан үшін уәде қылады ғой кісі.

Комиссар. Может быть, жақындықтың белгісі де болған шығар.

Шәрбану (именіп). Болды ма, болмады ма ол арасын не деп айтайын сізге?

Комиссар (күлімдеп). Ұялмай-ақ айтып жіберіңіз, жастық басымызда бар. Ондай жұмыстың жайын білеміз ғой.

Шәрбану. Болса болған шығар...

Комиссар. Бү жігітті қалай, қатты жақсы көресіз бе?

Шәрбану (бойы үйреніп). Жақсы көрмесек, соңынан жүреміз бе?

Комиссар. Правда... О, молодчина! Енді қосатын сөзіңіз жок қой.

Ш ә р б а н у. Қосатын сөзім жоқ, қолыма бостандық қағаз берсеңіз екен!

К о м и с с а р. Қағаз береміз, бір әйелді күндіктен құтқарамыз, правосын еркекпен бірдей қыламыз деп жүрген кісінің біріміз. Әйелдің бостандығына жанымызды құрбан қыламыз деп жүрген кісіміз о жағынан биттей де безпокойется етпеңіз. Бұл кешегі қанішер Николайдың заманы емес. Ол жауыздың қарашығы батты. Бұл бостандық, теңдік, құрдастық заманы. Так что, сіз нетпеніз! (*Арызды қарап.*)

Үшінші көрініс

Бұрынғылар және Қ А Н А П И Я

Канапия басы орамалмен байлаулы келіп тұрады.

К о м и с с а р (*скамейканы нұсқап*). Пожалуйста отырыңыз. Немене, басыңыз қалай?

Қ а н а п и я. Азырақ ауырады.

К о м и с с а р. Во хулиганы, немен ұрған?

Қ а н а п и я. Кірмен ұрса керек.

К о м и с с а р. Милиция кез келмесе, өлтіретін ғой шамасы.

Қ а н а п и я. Әдейі өлтіру үшін жалдаған, жатақтың жүліктері ғой.

К о м и с с а р. Мынау әйелдің жауабын сіз де растайсыз ғой.

Қ а н а п и я. Рас деймін. Бар сөзімді кеше өзіңізге айттым ғой. Жалғыз-ақ сізге ескертетінім, әнеугі Николай тақтан түскен күнгі қуаныштың ішінде болып жұртқа айтқан сөздеріңізді естіп едім. Сондағы қара бұқараға, кедейге деген теңдіктеріңіз рас болса, біз де жуаннан зорлық көріп жүрген нашардың біріміз. Соны ғана айтамын.

К о м и с с а р. Теңдік әперемін. (*Көтеріліп.*) Сазамбайды атып тастауға әмірімнің жүретінін білесің ғой.

Қ а н а п и я. Әбден білеміз.

К о м и с с а р (*қатуланып*). Шақыр Сазамбайды. Я его сейчас сукина сына!

М и л и ц и я (*ақырып*). Сазамбай!

Төртінші көрініс

Милиция мен С А З А М Б А Й

Сазамбай сасып-пысып, есіктен зорға сияды. Кіре беріп тымағын шешіп, қолын кеудесіне қойып, тағзым етеді. Қолын ұсынып комиссарға ұмтылады.

Комиссар (ақырады). Тұр солай.

Сазамбай (шауып келе жатып жарға киліккен жылқыдай, лоқыл тура қалады). Тұрдым, тақсыр, тұрдым.

Комиссар (түрегеліп, айбаттанып ақырады). Қайда барасың омыраулап?! Сенің бұрынғы крестьянск начальнигің жоқ! Николайдың көзі жойылған. Елді жеп-жеп, қарны кебежедей болып, талтақ-талтақ етеді.

Сазамбай (басын шұлғып). Қарсылық болса, кешіріңіз, тақсыр! Білмедім, тақсыр!

Комиссар. Құтырма, тайтаңдама! Тайтаңдайтын күнің кеткен

Сазамбай. Не десеңіз де, құлдық, тақсыр!

Комиссар. Ұста тілінді. «Құлдық» жоқ, «тақсыр» жоқ.

Сазамбай. Мырза-мырза. (Деп тілін ұстайды).

Комиссар. Мырзаң жоқ бұрынғы.

Сазамбай. Енді не дейін, шырағым! «Аксақал» деуге жас бала көрінесің.

Комиссар (даусын созып). Мен сізге айтамын енді «мырзашора», «төре», «қары» жоқ, «тақсыр», «құлдық» деген сөздер айтылмайды. Олардың орнына «жолдас» деп айтасыздар. Енді бәріміз де гражданин болдық, ұқтыңыз ба?

Сазамбай (басын шұлғып, аузын жыбырлатып). Ұқтым, тақсыр, краждан жолдас, ұқтым.

Комиссар (отырып шылымын тартады. Сазамбайдың ерні қыбырлап «краждан жолдасты» ішінен айтып тұрады). Мен енді сізге сұрау қоямын, жауап бересіз.

Сазамбай. Берейін тақ... краждан жолдас!

Комиссар. Әнеу әйелді қалай алдыңыз?

Сазамбай. Әйел ме? Әйел қазақша мал беріп алған қатыным Кәдуілгі. Кәдуілгі некелі қатыным. Мына жігіт өзім жоқта үйімді шауыл, зорлықпен әкетіп отыр. Сондықтан екі мың сом ақшамды, бар капиталымды алып кетті. Кәрі кісінің қатынын тартып алсын деген заңында бар ма, шырағым!

Комиссар (жымиып). Ал сонымен? Бұл өзі бұзық жігіт екен ғой.

Сазамбай (көтеріліп). Бұл елден шыққан бұзақы, өзі ұры жігіт. Айтып отырғанының бәрі өтірік.

Комиссар. Тактайды теуіп қалады. Сіз біреуге тіл тигізіп оскорбить етпей сөйлеңіз, кеңсенің ішінде ондай сөз айтсаңыз, казір арестовать етермін.

Сазамбай. Жо, жоқ, қораз, қоразтан жолдас...

Комиссар. «Жолдас» десең болады, орыс тілін қоспай сөйле!

С а з а м б а й. Дұрыс, шырағым! Сізге түсіндіргелі жатырмын. (Сақалық ұстап.) Мынау сақалыммен өтірік айтады дейсіз бе? Менің қандай кісі екенімді бір болыс елден сұраңыз, құдаларымнан сұраңыз. Кісіге қиянатым жоқ ақсақал адаммын, шырағым! Енді пайғамбар жасына келгенде, құдай өтірік айтқызбасын.

К о м и с с а р. Кім болғаныңыз маған керек емес, қатынды қалай алдыңыз, айттырып алдыңыз ба?

С а з а м б а й. Е, айттырып алдым, мал беріп алдым.

К о м и с с а р. Ақша емес, мал бердіңіз ғой.

С а з а м б а й. Ақша бердім, ақша мал емес пе, шырағым!

К о м и с с а р. Мына жігіт шауып кетті дедіңіз бе?!

С а з а м б а й. Шауып кетті, қанша мукамал жасау әкетті.

К о м и с с а р. Қандай, қандай нәрсе?

С а з а м б а й. Жібек кілем, жібек шалап, асыл бұйым, жақсы ішік дейсіз бе? Толып жатқан нәрсе...

К о м и с с а р. Ақша да әкетті ме?

С а з а м б а й. Ақша әкетті, екі мың сом әкетті.

К о м и с с а р. Екі мың сом, қандай-қандай ақша еді?

С а з а м б а й. Білгі бес жүз теңгелік сап ақша.

К о м и с с а р. (Қақпацияны көрсетіп). Ананың басын жарған кім?

С а з а м б а й. Білмеппін, көріп отырғаным осы. Өзіңіз көріп отырсыз, кісі ұрғандай түрім бар ма? Керек десе өз бетіммен атыма да міне алмаймын.

К о м и с с а р. Құдаларың кім, кім?

С а з а м б а й. Құдаларым Итбас Жылпос баласы, Ораз Ұлта-
рақ баласы.

К о м и с с а р. Отыр.

С а з а м б а й. (Отырмай тұрып). Тақсыр, мыр... жолдас! Шырағым! Мен бір инабатты ақсақал адам едім. Бұрын кісіден қорлық-зорлық көре қойған жоқ едім, шырағым, түсің жылы бала көрінесің, «түсі игіден — түкіліме» деп еді.

К о м и с с а р. Жарайды, жарайды отыра беріңіз. Итбас Жылпос баласы!

М и л л и ц и я. Жылпос Итбас баласы.

Бесінші көрініс

Бұрынғылар және ИТБАС

Итбас кіріп тымағын қолына алып, жауап беретін жерге келіп тұрады.

К о м и с с а р. Атың кім?

И т б а с. Итбас.

К о м и с с а р. Әкен аты?

И т б а с. Әкем аты — Жылпос.
К о м и с с а р. Сен не білесің, сөйле?
И т б а с. Менің білетінім мынау ақсақалдың некелі қатыны Шәрбану Исатайқызын Қанапия Ерланов қанша отрядпен келіп тартып әкетті.

К о м и с с а р. Отряд деген немене?
И т б а с. «Отряд» деп бір топ кісіні айтамыз.
К о м и с с а р. Жарайды, тағы немене әкетті?
И т б а с. Көп капитал әкетті, екі мың сом сап ақшадай әкетті.
К о м и с с а р. Екі мың әкеткенін қайдан білдің?
И т б а с. Ауылдас болған соң білмей тұра ма кісі?
К о м и с с а р. Ә, өзін ауылдас па едің?
И т б а с. Е, аулымыз бір болушы еді.
К о м и с с а р. Ақшаны бұрын көріп пе едің?
И т б а с. Көргем, көргем.
К о м и с с а р. Көрсең қандай, қандай ақша еді?
И т б а с. Қандай дейсіз бе? *(Сазамбайға қарайды.)*
К о м и с с а р. Қарама оған, айт жылдам.
И т б а с. Он сомдық, жиырма бес сомдық, қырық сомдық, елу сомдық, жүз сомдық.
К о м и с с а р. Токта, қырық сомдық ақша бола ма екен?
И т б а с. Ә, жоқ, жаңылып тұрмын.
К о м и с с а р. Мына Қанапияның басын жарған кісіні көрдің бе?
И т б а с. Жоқ, көргем жоқ, мұны көріп отырғаным осы.
К о м и с с а р. Ну жарайды, отыр. *(Итбас отырады.)* Ораз Ұлтарақов!
М и л и ц и я *(есікті ашып)*. Ораз Ұлтарақов, пожалуыста.

Алтыншы көрініс

Бұрынғылар және О Р А З

О р а з *(сасқалақтап есіктен кіре беріп тымағын алып, алақтатп.)*. Здрасти, салаумағалейкум!

М и л и ц и я *(ақырып қалады)*. Тек! *(Ораз милицияға жалт қарап басын бір шұлғиды, комиссарға қарап және шұлғиды.)*

К о м и с с а р *(езу тартып)*. Бері маған таман келіңіз. *(Ораз жыбырлатып бір-екі адымдап тоқтайды.)* Берірек, берірек! *(Тағы бір аттап тұрады.)* Тағы бір-екі атта. *(Ораз жақындайды, зәресі ұшқан, көзі аларып шығып барады.)* Атың кім?

О р а з *(сасып)*. Атым дейсіз бе? Атым, атым, атым — Ораз!
К о м и с с а р *(түсін суытып, ақырыңқырап)*. Әкең аты кім?

О р а з. Әкем аты, әкем аты. (Жан-жаққа алақтап.) Әкем аты дейсіз бе? Байпақ, жоқ ол емес, шұлғау — ол емес, Байпақ... Жок, ой, бәрекедлі-ай, аузыма түспей қалғанын қарашы... Шұлғау, байпақ. (Бәрі ду күледі. Ораз қосылып, аузы қыбырлап, жағары қарап ойланады.)

С а з а м б а й. Ой, әбілет, ой, әбілет. (Деп Оразға сыбырлаған болады, жаңғырыққан күлкі естіртпейді).

К о м и с с а р (күлкісін тоқтатып). О, немене? Табылды ма?

О р а з. Байпақ, Байпақ... шұлғау... ұлынаи... о, Ұлтарак... Ұлтарак...

К о м и с с а р. Ну, н слово богу... бұрын тергеуде болдың ба?

О р а з. Жо, жок... сот алдын көріп отырғаным осы.

К о м и с с а р. Ендеше, өтірік айтпайсың ғой.

О р а з. Құдай біледі өтірік айтпаспын.

К о м и с с а р. Смотри! Өтірік айтсаң католешкеге жауып қоямын.

О р а з. Жалғыз жаным бар ғой, әруақ-құдайға тапсырыңыз!

К о м и с с а р. Сазамбай анау әйелді алып қашып алды ғой?

О р а з. Алып қашып алды.

К о м и с с а р. Тартып алды ғой.

О р а з. Тартып алды.

С а з а м б а й (тістеніп). Тек! Қашан тартып...

К о м и с с а р (столды жұмырықпен қойып қалады. Сазамбай қоя қояды). Сөйлем! Сен бүйтіп безобразить ете берсен, қазір арестовать етемін.

С а з а м б а й. Қойдым, тақсыр! Мырза! Жолдас қойдым!

К о м и с с а р (Оразға). Мына Қанапия қалай әкетті?

О р а з. Ол ма? Ол бетіне сақал жапсырып, дуана болып келді де, іңірде мінгестіріп алып кетті.

К о м и с с а р (таңданып, Қанапияға қарап). Солай ма еді?

Қ а н а п и я. Онысы рас.

К о м и с с а р (рахаптанып). Вот какой артист молодчина. (Оразға). Иә, Сазамбайдың үйі аман ба?

О р а з. Біз кеткенде аман еді. (Сазамбайға қарап.) Байдың өзі бірдеңе естімесе...

К о м и с с а р. Қарама оған.

О р а з (басын бұрып). Мен ештеңе естігенім жоқ.

К о м и с с а р. Жарайсың отыр. (Қағаздарын алып түрегеледі.) Сіздер отыра тұрыңыздар! Мен әзір келіп, постановление естіртемін...

С а з а м б а й (түрегеліп). Тақсыр... мырза... жолдас маған мархабат қылыңыз, менің шығыным, қатыным кетіп отыр ғой...

К о м и с с а р (қолын сермеп). Жарайды, жарайды! (Деп шығып кетеді.)

Жетінші көрініс

Комиссардан басқалар

С а з а м б а й (түрегеліп милицияға қарап сөйлейді). Шырағым, сен білесің ғой, не қылар екен?

М и л и ц и я (қоразданып, аяңдап). Сізге жаман болады.

С а з а м б а й (милицияға жақындап). Не істер екен? Не істер екен?

М и л и ц и я (басын былғақтатып, иығын қысып қалып). Можег атып тастарға.

С а з а м б а й (жақындап). Не дейсің, шырағым? Не дейсің?

М и л и ц и я. Мұндай жұмыстың біз талайын көргенбіз. Сіздікі уголовный жұмыс, уголовный жұмыстың жазасы аз болса бес жыл.

С а з а м б а й. Шырағым, бұл өзі қатаң жігіт пе еді?

М и л и ц и я (олай-былай жүріп қоразданып). Көңіліне жақпаса, атып тастауға да правосы бар.

С а з а м б а й. Шырағым, бұл жігітпен қашаннан қызметтес едің?

М и л и ц и я. Мен бе? Неше жылдан бері жолдаспын.

С а з а м б а й (есікке қарай көзімен ымдап). Маған тысқа шығып келуге болар ма екен?!

М и л и ц и я (көпке қарап). Мен мына кісіні казір шығарып әкелемін, ешқайда кетпей отырасыздар! (Милиция Сазамбайды ертіп шығады.)

Сегізінші көрініс

Милиция мен САЗАМБАЙ

К а н а п и я (түрегеліп). Бан қайда жөнелді бұл?

И т б а с. Дәретке отыратын шығар.

К а н а п и я. Дәрет болса жарайды ғой, әлгі милицияны айналдырып жүрмесе.

И т б а с. Е, оның несін айналдырады?

К а н а п и я (олай, былай аяңдап). Кім біледі? Біреуге беріп жаман үйреніп қалған адам.

И т б а с. Біреуге жаман үйреніп, кімге беріпті?

К а н а п и я. Бермесендер, жатақтың жұлiктерiнiң менде не ақысы бар едi.

И т б а с. Ой, қарағым-ай! Біреуден таяқ жегенiңдi бiзден көресiң бе?

К а н а п и я. Бұрын кісiден таяқ жесем көзім көрмедi ме?

Ш ә р б а н у. Не керегі бар? Қойшы ендi өткен нәрсенi сөз қылмай...

Қанапия. Мынау иттердің жегенінен гөрі, бәле жапсырғаны өтіп барады. Көрермін, бәлем, Сазамбайдың жарылқағанын.

Итбас. Көрсек көрерміз.

Тоғызыншы көрініс

Бұрынғылар, САЗАМБАЙ, МИЛИЦИЯ

Сазамбай бірдеңе тындырып келген кісіше тамағын кешеп, коқиланып отырады.

Милиция (Қанапияға түсің суытып). Мұнда гулят жоқ, орныңызға отырыңыз.

Қанапия (ажырайып). Гулят жоқ болса, ананы неге тысқа шығардың?

Милиция. Онда сенің не деләтәрің бар? Не жолы сен маған заң үйретесің? Мен өз правомды сенен сұрамаймын, далаға шығаруға менің правом бар.

Қанапия. Сен есік күзетсен, бәрімізге бірдей болып күзет.

Милиция (омыраулап). Сен маған заң үйреткің келе ме? Не имешь право. Раз мен әбәзін, мен жауап беремін. Ото қазір комиссарға доложит етермін.

Қанапия. Етсең ет. Сазамбайды оңаша алып шыққаныңды мен де айтармын.

Милиция. Қалайша, сең маған бәле жабасың? Мені взятка алды дел тұрсың ба? Неужели айтасың? Куәң бар ма?

Қанапия. Сенің қолыңнан келсе көрерміз.

Он үшінші көрініс

Бұрынғылар және комиссар

Комиссар (келіп). Тұрындар! (Бәрі түрегеледі). Мен қазір постановление оқимын. Қазақша қысқаша переводын айтып шығамын, тыңдап тұрындар!

1917 жылында 15 мартта Павлодар уезінің комиссары Ақбеттау елінің қазағы Шәрбану Исатайқызының, Қанапия Ерланұлының арыздарын тексеріп, қаулы тұрғыздым:

1. Төңкерістің әйелге берген правосын пайдаланып, Шәрбану Исатайқызына сүйген жігіті Қанапия Ерланұлына тиюге бостандық беремін; 2. Қанапия Ерланұлын жаладан таза деп табамын; 3. Шынын айтқан Ораз Ұлтарақұлын жазадан азат қыламын; 4. Әйелдің правосына қол салған себепті, Шәрбану Исатайқызына, Қанапия Ерланұлына өтірікпен жала жапқан себепті, Қанапия Ерланұлының өміріне қастық қылып, самосот жасаған себепті Сазамбай

Боктыкөтұлына он алты ай абақты кесемін; 5. Өтірікке куә болған Итбас Жылпосұлына алты ай абақты кесемін.

С а з а м б а й (*жыламсырап*). Таксыр, мырза жолдас! Менен бір білместік болды, кешіңіз.

И т б а с. Нашар адам едім, кешіңіз, жолдас!

Қ а н а п и я (*Шәрбанумен қол ұстасып келіп, комиссарға еңкейіп*). Рақмет, бақытты болыңыз, жасаныз!

К о м и с с а р. Сендер де жасаңдар!

С а з а м б а й (*жыламсырап*). Кәрі кісімін ғой, мырза, балам жоқ еді, мырза! Кешіңіз мені, кешіңіз.

К о м и с с а р. Жұмыс бітті. Енді арыз тыңдалмайды.

М и л и ц и я (*айғайлап*). Шәрбану, сүйінші, сүйікті бауырың келді. Ынтықбай келді.

Ш ә р б а н у (*есікке қарай жүгіріп*). Қойшы!

Қ а н а п и я. Шын ба, жаным! (*Деп есікке ұмтылады.*)

Ы н т ы қ б а й (*кіріп келіп*). Бауырым-ай, жаным-ай! (*Деп, Шәрбануды құшақтай алады, бетінен сүйеді.*)

Қ а н а п и я. Жан досым-ай, аман келдің бе? (*Деп, қазақша көріседі.*)

Ш ә р б а н у (*көзін сүртіп*). Бауырым-ай, сені де көретін күн бар екен ғой.

Қ а н а п и я (*қуанып, дауысы қалтырап*). Бауырым, құдай жеткізеді. Шәрбануды босатып алдық. Міне, сен де аман келдің? Енді біздің төрт құбыламыз түгел.

С а з а м б а й (*комиссарға*). Бізді босатыңыз, таксыр! Бостандықтың құрметі үшін босатыңыз.

К о м и с с а р. Мынау тұрған Қанапия мен Шәрбанудың аяғына жығыл! Солар кешсе, мен де кешейін.

С а з а м б а й. Жығылайын, жығылайын. (*Деп, Қанапия, Шәрбанудың алдына барып, тізесінен жығылып, аяқтарына басын қояды.*) Балалар, менен білместік болды, бір шалды қайтсендер де, кешіріңдер, балалар!

И т б а с. Мені де кешіріңдер. Нашар адам едім (*Деп, о да жығылды.*)

Қ а н а п и я (*Шәрбануға, Ынтықбайға қарап, бастарын изеп*). Біз кештік.

Ш ә р б а н у.

Ы н т ы қ б а й.

Біз кештік.

К о м и с с а р. (*қолын көтеріп*). Жасасын бостандық! Жасасын әйел теңдігі! Жасасын бұқара өкіметі.

Б ә р і (*шулап*). Жасасын! Жасасын!

Ш ы м ы л д ы қ

Thank you for evaluating AnyBizSoft PDF Splitter.

A watermark is added at the end of each output PDF file.

To remove the watermark, you need to purchase the software from

<http://www.anypdftools.com/buy/buy-pdf-splitter.html>